


Мұғалімнің сабақ жоспары

Киелі кітап уақытының 0-ден 4-ке дейінгі деңгейінің
B бөлімінің B7 және B8 сабақтары



Киелі кітаптан білім беру қызметтері (КБҚ)

Ұлыбританияда тіркелген қайырымдылық қоры (CIO 1186004)

КБҚ-ның миссиясы:

Иса Мәсіх туралы ақиқатты келер ұрпаққа таныстыру үшін, Киелі кітап сабақтарын бүкіл әлем бойынша жарыққа шығару.

КБҚ-ның аян-мақсаты:

Осындай қызметке бағышталған серіктестердің жаһандық желісін дамытып және қолдай отырып, жас ұрпаққа өз ана тіліндегі толық оқу жоспарымыз арқылы ақиқатты жеткізу.

ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

Киелі кітаптан білім беру қызметі не істейді?

Киелі кітаптан білім беру қызметі ағылшын тілінде Киелі кітап уақыты, Bibletime Going Deeper (бұрынғы NewLife) және Егін орушылардың Киелі кітабы сабақтарын баспадан шығарады. Сондай-ақ, пошталық Киелі кітап мектептері және Ұлыбритания мен шетелдерде КБҚ сабақтарын қолданып жүрген ұйымдарға қолдау көрсетеді. Біз мұны желі арқылы, кеңес беру, тренингтер өткізу, оларға бару арқылы жүзеге асырамыз. Дәл қазір КБҚ басқа елдерде осы сабақтарды аударып, дизайнын жасап, оларды баспадан шығарып, таратумен айналысып жатқан топтармен серіктесе отырып қызмет етіп жатыр. Бұл сабақтар барлық оқырмандарға тегін таратылуы тиіс.

Киелі кітап уақытының сабақтары алғаш рет 50 жыл бұрын оңтүстік Ирландияда қолданылды. Киелі Кітаптан білім беру қызметі Киелі кітап уақытының сабақтарын ағылшын және барлық басқа тілдерде басып шығару жауапкершілігін атқарады. Киелі кітап уақытының сабақтары әдетте А4 форматында басылып шығады. Бұл оқушыларға әрбір төрт апта сайын сабақтарын бағалау үшін Киелі кітап Мектебі Орталығына жіберуге мүмкіндік береді. Жуырда Белфасттағы Эври Хоум Крусейдтің (Қайта өрлеу қозғалысы) арқасында сабақтар А5 форматында басылып шықты. Оны қауымдар мен мектептерде, әсіресе, пошта қызметі нашар дамыған елдерде қолдану әлдеқайда оңайырақ болды.

КБҚ сабақтары үйде немесе топпен (қауымда/мектепте) өтуге болатындай ерекше жасалынған. Оқушылар оны 20 жылға дейін оқи берулеріне болады. Сол үшін жоспарланған силлабусы да бар. Сабақтардың бес деңгейі әрбір жас тобына арналған: мектепке дейінгі, 5-7 жас, 8-10 жас, 11-13 жас, 14-16 жас аралығындағы топтар үшін қолжетімді сабақтар. Әрбір жас тобына арналған үш жылдық силлабусы бар. Жас топтары әр түрлі қабілет деңгейлеріне байланысты өзгеруі мүмкін. Киелі кітап уақыты ресурстары балалардың Киелі кітапты үйренулеріне және оның бүгінгі күні адамдардың өмірінде өзектілігі туралы ойлануларына мүмкіндік береді.

Сабақтардың көшірмесін КБҚ-ның веб-сайтынан www.besweb.com немесе Эннискиллендегі КБҚ офисінен алуға болады. Веб-сайтта басқа тілдердегі аудармасын да табуға болады. Егер бізбен серіктес болғыңыз келсе, КБҚ-ның веб-сайтынан бұл жөніндегі құжаттарды көруге болады.

КБҚ-ның байланыс мекен-жайы

КБҚ офисі (ағылшын тіліндегі барлық сабақтардың қоймасы):

37а Белмор к-сі, Эннискиллен, Солтүстік Ирландия, BT74 6AA

Телефоны: 02866 322462

Эл.пошта: info@besweb.com

Веб-сайт: www.besweb.com

Мұғалімнің сабақ жоспары

Мұғалімнің сабақ жоспары Киелі кітап уақытының сабақтарын қолданып жүрген мұғалімдерге сыныпта/топта оқытуға арналған ұсыныстар мен идеялармен қамтамасыз ету үшін жасалған. Бұл кітапшада олар 0-ден 4-ке дейінгі деңгейлерде қолдану үшін жасалған.

Әрбір сабақтың жоспары Киелі кітап уақытының сабағындағы Киелі кітап сілтемелерімен бірдей жүреді және олар апта сайын пайдалануға арналған. Сәуір айының сабақтары Қайта тірілу мейрамына байланысты және желтоқсан айының сабақтары Исаның туылу күніне негізделіп ерекше өтеді.

Әдетте топ/сынып мұғалімі әр аптада бір айға берілген А4 сабақтарын өткізеді. Егер қажет болса, олар еркін оқу уақытын өткізе алады. Айдың соңында мұғалімдер сабақтарды жинап алып, оларды тексеріп, оқушыларға қайтарып береді.

Мұғалімдерге арналған дайындық

Мұғалім Киелі кітап уақытының сабақтарын қолданғанда, өзінің тобындағы оқушыларға қолайлы идеялар мен инициативаларды пайдалана алады. Келесі ұсыныстар осы ресурсты пайдалануға көмектеседі:

- **Әңгімемен таныс болыңыз.** Мұғалім Киелі кітаптағы әңгімемен және онымен бірге жүретін Киелі кітап уақытының сабақтарымен мүмкіндігінше таныс болғаны жөн. Негізінде Киелі кітап уақытының сабағын сабақ басталмай тұрып, мұғалімнің өзі орындауы қажет. Сабақ жоспарлары да сабақтарды жоспарлауға көмекші құрал ретінде мұқият қарастырылуы қажет.
- **Үйретілуге тиісті сабақты түсініп алыңыз.** Әрбір сабақтың жоғарғы жағында «Біздің үйренетініміз» деген жазу және оның астында үйренетін нәрселердің тізімі бар. Балалар мұғалімнің сабағынан кейін және Киелі кітап уақытының сабағын аяқтағанда осы нәрселерді үйреніп алады деп үміттенеміз.
- **Таныстыру.** Барлық сабақта біз әр түрлі жағдайларға байланысты балалардың қандай тәжірибелері бар екенін білуден бастаймыз. Біз балаларға әңгіменің ең басын талқылауға белсенді қатысулары үшін әңгімені таныстырудың әр түрлі жолдарын ұсындық.
- **Үйрету.** Біз әңгімедегі негізгі ойларды алдын ала беріп қойдық. Әңгімені үйрету барысында оларға сілтеме жасаудың қажеті жоқ, бірақ олар пайдалы нұсқаулық болып табылады. Оларды шабыттандыратын қызықты жолдармен үйретуді көздеңіз. Балалардың назарын аудартып, негізгі ойды түсінулеріне көмектесіңіз. Ол үшін жайлы дауыс ырғағымен сөйлеп, олардың не үйренгендерін тексеру үшін сұрақтар қойыңыз.
- **Көрсетіңіз.** Кейбір жағдайларда көрнекілік құралдарын табу қиын болғанымен, балалардың әңгімені жақсы түсінулері үшін мүмкіндігінше суреттер немесе көрнекілік құралдарын пайдаланған маңызды. Көптеген сабақтарда www.freebibleimages.org (FBI) веб-сайтынан жүктеп алуға болатын суреттер жайлы ақпарат берілген. Әңгімеге/оқуға арналған бұл тікелей сілтемелер кітапшаның соңында берілген А, В және С қосымшаларында жазылған.
- **Үйрену.** Әрбір әңгімеге негізгі аят бекітілген. Осы аяттарды естіп, үйрену балалардың Киелі кітаптағы сөздерді тереңірек білуіне көмектеседі.
- **Аяқтау.** Әдетте мектепте мұғалім оқушылардың жұмысты орындау қабілетін және өз жағынан қаншалықты көмек керек екенін біледі. Кейбір балалар үшін мұғалім сабақта өтетін мәтінді оқып шығуы қажет, өйткені оқушылар өздеріне таныс әңгімеге еріп отырады. Басқа балалар мәтінді өз бетінше оқи алады. Қандай тәсілді қолдансаңыз да, сабақтың қызықты өтуін қадағалаңыз және балаларды еңбектері үшін мақтауды ұмытпаңыз.
- **Қайталау.** Үйренуге көмек болсын деп, тақырыпты қайталау құралы ретінде сөзжұмбақтар мен ойындар, драмалық көріністер ұсынылған.
- **Өмірге қолдану.** Бұл бөлімнің тақырыбы «Осы сабақ бүгінгі мәсіхшілерге қандай шақыру тастайды?» деп аталады және осы шақыруға қалай жауап беретініміз жөнінде жеке әрі топтық жұмыстар берілген.



АТЫ:

К.Б.Қ.


Бұлт бейнесіндегі бұл кейіпкер Мысырдан шығу кітабының 13-тарауындағы 21-22 аяттарға негізделіп алынған және Құдайдың қатысын білдіреді. Киелі кітап уақыты еңгімелерінде ол - даналықтың қайнар көзі, өйткені ол «Сұрақ» деген кейіпкерге Құдай туралы үйретіп, бағыт-бағдар беріп отырады. Ол - бәрімізді Құдайдың Сөзін, яғни, Киелі кітапты терең түсініп оқуға жігерлендіретін мейірімді, жылы жүзді кейіпкер.



АТЫ:

СҰРАҚ


Сұрақ - ізденімпаз әрі терең ойланатын кейіпкер. Оның өте көп сұрақтары бар және сұрақ беруден қорықпайды. Ол өзінің сұрақтарына жауап табуға көмектесетін К.Б.Қ мен Нұр атты достарына дана әрі жігер беретін тәлімгерлер ретінде қарайды. Солай істей отырып, ол бәрімізге ең керемет дос болатын Исаны табуға көмектеседі.



АТЫ:

ҮЗІЛІС

Үзіліс – қуанышты әрі көңілді кейіпкер. Ол сөйлемейді, бірақ үзіліс жасайтын уақытты білдіреді. Сөйтіп, біз осыған дейін үйренген нәрселер туралы ойлана аламыз. Сондай-ақ, біз мұқият ойланып болғаннан кейін, Үзіліс біздің жаттығу жасауымызға немесе сұрақтарға жауап беруге кірісу қажеттігін есімізге салады.



АТЫ:

НҰР

Шам бейнесіндегі бұл кейіпкер 118-ші Забур жырындағы 105 аятпен байланысты. Ол Исаға арнап, «шам-шырақтай нұрын шашады». Ол К.Б.Қ-мен бірге Сұрақ кейіпкеріне және бізге Киелі кітаптың Құдай берген нұсқаулық екенін түсінуге көмектеседі. Ол бізге Құдаймен және басқалармен қарым-қатынаста тұрып, Ізгі хабардың шындығына қалай куәгер болуды көрсетеді.

Киелі кітап уақытының силлабусы

	0-деңгей (мектепке дейінгі жас) 1-деңгей (5-7 жас) 2-деңгей (8-10 жас)	3-деңгей (11-13 жас)	4-деңгей (14 жастан жоғары)
БАСТАУШЫ БӨЛІМДЕР	Бастаушы сабақ. Кіріспе.	Бастаушы сабақ. Кіріспе.	Бастаушы сабақ. Кіріспе.
А БӨЛІМІ	<ol style="list-style-type: none"> 1. Жаратылыс 2. Нұх 3. Петір 4. Петір. Айқыш 5. Ыбырайым 6. Ыбырайым 7. Петір 8. Петір 9. Жақып 10. Ерте кездегі мәсіхшілер 11. Пауыл 12. Исаның туылуы туралы әңгіме 	<ol style="list-style-type: none"> 1. Жаратылыс 2. Нұх 3. Петір 4. Петір. Айқыш 5. Петір 6. Ыбырайым 7. Жақып 8. Мінажат 9. Пауыл 10. Пауыл 11. Пауыл 12. Исаның туылуы туралы әңгіме 	<ol style="list-style-type: none"> 1. Жаратылыс пен күнәға бату 2. Ерте кездегі дамулар – Жаратылыстың басталуы. 3. Петір 4. Петір. Айқыш 5. Петір 6. Ыбырайым 7. Жақып 8. Мәсіхшілік өмір 9. Пауыл 10. Пауыл 11. Пауыл 12. Исаның туылуы туралы әңгіме
В БӨЛІМІ	<ol style="list-style-type: none"> 1. Мәсіхтің өмірі 2. Кереметтер 3. Бетания 4. Айқыш 5. Астарлы әңгімелер 6. Жүсіп 7. Жүсіп 8. Исаны кездестірген адамдар 9. Мұса 10. Мұса 11. Мұса 12. Исаның туылуы туралы әңгіме 	<ol style="list-style-type: none"> 1. Астарлы әңгімелер 2. Кереметтер 3. Бетания 4. Айқыш 5. Ерте кездегі мәсіхшілер 6. Жүсіп 7. Жүсіп 8. Ізгі хабарды жазушылар 9. Мұса 10. Мұса 11. Мұса 12. Исаның туылуы туралы әңгіме 	<ol style="list-style-type: none"> 1. Астарлы әңгімелер 2. Кереметтер 3. Бетания 4. Айқыш 5. Ерте кездегі мәсіхшілер 6. Жақып пен оның отбасы 7. Жүсіп 8. Елш.іст. 2:42. Алдағы жол 9. Мұса 10. Мұса 11. Заң 12. Исаның туылуы туралы әңгіме
С БӨЛІМІ	<ol style="list-style-type: none"> 1. Даниял 2. Тағы басқа кереметтер 3. Исаны кездестірген адамдар 4. Мәсіхтің өлімі 5. Рут және Самуил 6. Дәуіт 7. Дәуіт 8. Ешуа 9. Ілияс 10. Еліше 11. Жүніс 12. Исаның туылуы туралы әңгіме 	<ol style="list-style-type: none"> 1. Даниял 2. Исаны кездестірген адамдар 3. Тағы басқа кереметтер 4. Мәсіхтің өлімі 5. Рут 6. Самуил 7. Дәуіт 8. Ешуа 9. Ілияс 10. Еліше 11. Құдай қолданған адамдар – Көне Өсиет 12. Исаның туылуы туралы әңгіме 	<ol style="list-style-type: none"> 1. Даниял 2. Исаның сөздері 3. Жаратқан Иенің құдіреті 4. Мәсіхтің өлімі 5. Рут 6. Самуил 7. Дәуіт 8. Ешуа 9. Ілияс 10. Еліше 11. Көне Өсиеттегі басқа кейіпкерлер 12. Исаның туылуы туралы әңгіме

В7 1-әңгіме

Жүсіптің бауырларының Мысырға келуі

0-2-деңгейлер

	<p>Біздің үйренетініміз:</p> <ul style="list-style-type: none">• Жүсіптің бауырлары туралы көрген түсі орындалды.• Біздің жасаған қателіктер ерте ме, кеш пе алдымыздан шығады. <p>Негізгі аят: Ғалаттықтарға 6:7 Киелі кітаптан үзінді: Жаратылыстың басталуы 42:1-26</p>
ТАНЫСТЫРУ	<p>Осы уақытқа дейін оқыған Жүсіптің әңгімесін балалар екі-екіден отырып, талқылап беруін сұраңыз. Оның басынан өткен жаман және жақсы оқиғаларды еске алуға тырысыңыз. Бауырлары оны жек көрсе де, Жүсіппен болған барлық жағдай жақсылыққа айналды. Ал Қанахандағы бауырларының жағдайы қалай екен? В6 бөлімінің 2-әңгімесіндегі негізгі аятты балалардың есіне түсіріңіз. Руларды санау 32:23: «...Біліп қойыңдар, онда осы күнеларыңның зардабын тартпай қоймайсыңдар.»</p>
ҮЙРЕТУ	<ul style="list-style-type: none">• Қанахан жерінде аштық басталып, адамдар жейтін тамақ таба алмады. Жақып Мысырда астықтың мол екенін естіп, Жүсіптің бауырларының сонда барып, отбасына астық сатып әкелуді тапсырды. Жүсіптің туған інісі Буняминнен басқа он бауырының бәрі жолға шықты. (Жарат. баст. 42:1-5)• Жүсіп Мысыр елінде астық сату ісіне басшылық етті. Оның бауырлары Мысырға жеткен кезде, бәрі Мысырдың әміршісі Жүсіптің алдына келіп, иіліп тағзым етті. (Жарат. баст. 42:6-7)• Ағалары Жүсіпті сатып жібермей тұрып, оның көрген түстерін балалардың есіне түсіріңіз. Оның бір кезде көрген түстері орындалып жатты.• Жүсіп бауырларын танымағандай кейіп танытты, олар да Жүсіпті танымады. Жүсіп оларға бөтен адамдардай қарап: «Сендер тыңшысыңдар! Біздің шекараның әлсіз жерлерін іздеп, білу үшін келдіңдер!» - деді. Бауырлары тыңшы емес, қайта бәрі адал адамдар екенін айтты. Сонымен қатар, олар бір бауырларының қайтыс болғанын, ал ең кішілері үйде қалғанын баяндады. Олардың шындықты айтқандарын тексеру үшін Жүсіп олардың Қанаханға қайтып барып, кіші інілерін өздерімен алып келулерін бұйырды. Олардың қайтып келетініне сенімді болу үшін, олардың біреуін, Шимонды, түрмеге қаматып қойды. (Жарат. баст. 42:8-20)• Бауырлары уайымдап, не болғанын өзара талқылады. Олар көп жылдар бұрын өздерінің Жүсіпке жамандық істегенін білді. Олардың кінәлі болғанын және өз күнеларының зардабын шеккенін түсіндіріңіз.• Олар Жүсіпке жасаған жамандығы үшін Құдайдың жазалап жатқанына сенімді болды. Жүсіп олардың өзара айтқандарын естіп тұрды. Ол бұрыла беріп, көзіне жас алды. (Жарат. баст. 42:21-24)• Жүсіп қызметшілеріне бауырларының қабын астықпен толтырып, төлеген күмістерін де қаптарына салып, жол азығын беруге бұйырды. Бауырлары қаптарын есектеріне артып, әкесіне қарай жолға шықты. (Жарат. баст. 42:25-26) <p>Киелі кітап уақыты сабағын аяқтаңыз. Көрсетіңіз: А қосымшасындағы FВ1 сілтемесін қараңыз. Жүсіптің бауырларының Мысырға келуі</p>
ҮЙРЕНУ	<p>Негізгі аятты керек жерінде үйретіп, түсіндіріңіз. Ғалаттықтарға 6:7 Жаман істер мәселеге алып келетінін балалардың есіне салыңыз. Киелі кітап мұның дән сеуіп, содан кейін бір күні дәл сол екенінді жинап алғанмен бірдей екенін үйретеді.</p>
ЕСТЕ САҚТАУ	<p>Әңгімені қайталау мақсатында балаларға келесі сұрақтарды қойыңыз:</p> <ul style="list-style-type: none">• Жүсіптің бауырларының Мысырға баруына не себеп болды?• Мысырда астықты кім сатып жатқан еді?• Жүсіптің бауырлары оны таныды ма?• Жүсіп ағаларын кімдер деп кінәлады?• Жүсіп олардың Мысырға кімді алып келуін қалады?• Қай бауыры тұтқындалды?• Бауырлары осының барлығы өздерімен болып жатқанын не үшін ойлана бастады?

В7 2-әңгіме
Буняммин және суық хабар

0-2-деңгейлер

	<p>Біздің үйренетініміз:</p> <ul style="list-style-type: none">• Бауырларының өзіне істеген жамандығына қарамастан, Жүсіп оларды әлі де жақсы көрді.• Құдай бізді сүйеді және біздің істеген қателіктерімізді кешіргісі келеді. Бұл туралы бізге Киелі кітап айтады. <p>Негізгі аят: Ефестіктерге 4:32 Киелі кітаптан үзінді: Жаратылыстың басталуы 43-44 (0 және 1-деңгейлер) Жаратылыстың басталуы 42:27-38, 43:1-34, 44:13 (2-деңгей)</p>
<p>ТАНЫСТЫРУ</p>	<p>Балалардың мынадай көріністі көз алдарына елестетуін сұраңыз. Сен - Мысырдан Қанаханға қайтып келе жатқан бауырларының бірісің. Қазір сенде жанұяңды асырайтын жеткілікті тамақ бар. Сен қандай сезімдесің? Енді қабыңды ашып, астықпен бірге оған төлеген ақшаңды да тауып алғаныңды көз алдыңа елестетші! Оны кім салды? Бұл саған құрылған тұзақ па? Мысырдың әміршісі сені ұрлықшы деп ойлайтын болды ғой! Енді тағы да астық сұрап, Мысырға қалай бармақсың? Қажетті құралдарды (қап, тамақ және ақша) дайындап, ерікті балалардың оқиғаны болу ретімен көрініс қылып қоюын сұраңыз.</p>
<p>ҮЙРЕТУ</p>	<ul style="list-style-type: none">• Ағайындылар жүктерін есектеріне артып, үйге қарай жол тартты. Олардың біреуі жолда қабын ашып, астық үшін төлеген ақшасының сонда салынғанын байқады. Олар қатты қорқып кетті! (Жарат. баст. 42:26-28)• Олар үйге жеткенде, болған оқиғаның бәрін әкелеріне айтып берді. Олар Мысыр әміршісінің өздеріне тыңшылар ретінде қарағанын да айтты. Ол Бунямминді алып келулерін бұйырды. Жақып мұны естігенде және қаптарына салынған күмісті көргенде, қорқып кетті. (Жарат. баст. 42:29-38) Жақып Бунямминді Мысырға жібереді деп ойлайсың ба?• Уақыт өте келе, аштық одан бетер қыса түсті. Жақыптың отбасы тағы да ашықты. Ол ұлдарына қайтадан Мысырға барып, біраз астық сатып алуды тапсырды. Яһуда оған Бунямминді өздерімен жібермейінше, сол жаққа бара алмайтындарын айтты. Ол Бунямминнің қауіпсіздігі үшін өз басымен жауап беретініне уәде берді. Жақыптың басқа амалы қалмады. Оларға жейтін тамақ керек болды. Ол Бунямминді Мысырға жіберуге келісті. Ол ұлдарына күмісті екі есе көп етіп алуды және әміршіге сәлемдеме ала баруды тапсырды. (Жарат. баст. 43:1-14) Ағайындылар қандай сезімде болды деп ойлайсың?• Ағайындылар Мысырға жетіп, Жүсіптің алдында тұрды. Жүсіп Бунямминнің олармен бірге келгенін көргенде, қызметшілеріне өзінің үйінде үлкен қонақасын әзірлеуді бұйырды. Ол Шимонды түрмеден алдыртты. Бауырлары Жүсіптің үйіне келгенде, оған тағы да иіліп, тағзым етті. Жүсіптің көрген түстерін балалардың есіне түсіріңіз. Ол бауырларынан әкесінің халін сұрады және Бунямминмен сөйлесті. Жүсіптің басқа ештеңе айтуға шамасы келмей, бөлмеден шығып кетуіне тура келді. Өзінің басына түскен жағдайларға қарамастан, ол бауырларын әлі де жақсы көрді. Біз де қателік жібергенде, Құдайдың бізге деген сүйіспеншілігі тоқтап қалмайтынын Киелі кітап айтады. Біз кешірім сұрасақ, Ол кешіреді.• Келесі күні таңертең бауырлары қаптарын астыққа толтырып, Қанаханға қайтты. Бұл жолы Жүсіп өзінің ерекше күміс тостағанын Бунямминнің қабына салу туралы тапсырма берді. Жүсіп өзінің адамдарын бауырларының артынан жіберіп, тостағанды іздетті. Тостаған Бунямминнің қабынан табылды. Олардың Мысырға қайтып баруына тура келді. (Жарат. баст. 44:1-13) <p>Киелі кітап уақыты сабағын аяқтаңыз. Көрсетіңіз: А қосымшасындағы FBI сілтемесін қараңыз. Буняммин және суық хабар.</p>
<p>ҮЙРЕНУ</p>	<p>Негізгі аятты керек жерінде үйретіп, түсіндіріңіз. Ефестіктерге 4:32 «Кешірім» деген сөзді талқылаңыз. Мәсіхшілер Құдайдың бізді сүйетініне және қателіктерімізге өкінген кезде, кешіруге дайын екеніне сенеді.</p>
<p>ЕСТЕ САҚТАУ</p>	<p>Әңгімені қайталау мақсатында балаларға келесі сұрақтарды қойыңыз:</p> <ul style="list-style-type: none">• Ағайындылар қаптарынан нені тапты?• Жақып Бунямминнің Мысырға баруын неліктен қаламады?• Жүсіп Бунямминді көргенде, қандай сезімде болды?• Жүсіптің бауырларын әлі де жақсы көретінін қайдан білеміз?• Күміс тостаған кімнің қабынан табылды?

В7 3-әңгіме
Кешірім мен қуанышты хабар

	<p>Біздің үйренетініміз:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Жүсіп бауырларының өзіне істеген жамандықтарын кешірді. • Шынымен өкінгендерді Құдайдың кешіруге дайын екенін Киелі кітап үйретеді. <p>Негізгі аят: Жаратылыстың басталуы 45:8 Киелі кітаптан үзінді: Жаратылыстың басталуы 45:1-28 (0 және 1-деңгейлер) Жаратылыстың басталуы 44:14 - 45:28 (2-деңгей)</p>
ТАНЫСТЫРУ	<p>Ағайындылардың осыған дейін Мысырға жасаған сапарларын балалардың есіне түсіріңіз. Жүсіптің күміс тостағаны Бунямминнің қабынан табылған болатын. Ағайындылардың еңселері түсіп, Мысырға қайта барды. Әмірші не істемек? Ол Бунямминді өлім жазасына кесе ме? Әлде құлы ретінде күшпен алып қала ма? Олар Қанаханға Бунямминсіз қайтып барса, әкелерімен не болмақ?</p>
ҮЙРЕТУ	<ul style="list-style-type: none"> • Бауырлары Жүсіптің үйіне қайтып келді. Ол күміс тостағанының ұрланғанына қатты ренжіп, ашуланғандай сыңай танытты. Осы кезде Яхуда сөйледі. Ол бұл қорқынышты жағдайдың өздерінің кінәсі үшін орын алғанын түсінді. Кінә немесе кінәлі сезінудің мағынасын түсіндіріңіз. Ағайындылар болса, Жүсіптің құлы болуға ұсыныс жасады. Алайда Жүсіп кімнің қабынан тостаған табылса, сол адам ғана оның құлы болып қалатынын айтты. Бұл ұсыныс Бунямминнің осында қалатынын білдірді. (Жарат. баст. 44:14-17) • Яхуда Жүсіппен тағы да сөйлесті. Ол Буняммин өздерімен бірге үйге қайтпаса, әкесі қайғыдан өлетінін Жүсіпке түсіндірді. Яхуда Бунямминнің орнына өзінің қалатынын айтты. (Жарат. баст. 44:18-34) Ағайындылардың жүрегі, көзқарасы қалай өзгергенін талқылаңыз. Жүсіпті құлдыққа сатып жіберу туралы ой салған бауыры енді өзі құл болуға ұсыныс жасап жатыр. Бауырларының бір-біріне және әкесіне қамқорлық көрсететіне Жүсіптің көзі жетті. • Жүсіп өзінің кім екенін бауырларына ашық айтуға уақыттың келгенін білді. Ол бауырларынан басқа адамдардың бөлмеден шығуын бұйырды да: «Мен Жүсіппін ғой!» - деді. Бауырлары қатты абыржып қалды. Жүсіп енді олардан кек ала ма? Алайда Жүсіп мұның барлығы басынан бастап Құдайдың жоспары болғанын айтып, бауырларын тыныштандырды. Құдай ашаршылық кезінде олардың өмірлерін сақтап қалу үшін, Жүсіпті олардан бұрын Мысырға жіберген еді. (Жарат. баст. 45:1-8) • Жүсіптің бауырларын шынымен кешіргенін талқылаңыз. Құдайдың кешіруге дайын екенін Киелі кітап үйрететініне балалардың назарын аударыңыз. Алайда осы үзіндідегі Яхуда секілді біз де өзіміздің кінәлі екенімізді және сол үшін тәубе ету керектігін түсінуіміз қажет. • Жүсіп алда әлі бес жыл ашаршылық болатынын білді. Ол өзінің отбасын құтқарғысы келді. Ол бауырларының үйге қайтып барып, әкесіне болған жағдайды айтып берулерін тапсырды. Содан кейін бар мал-мүліктерін жинап, Мысырға көшіп келуді бұйырды. (Жарат. баст. 45:9-48) <p>Киелі кітап уақыты сабағын аяқтаңыз. Көрсетіңіз: А қосымшасындағы FBI сілтемесін қараңыз. Кешірім мен жақсы хабар</p>
ҮЙРЕНУ	<p>Негізгі аятты керек жерінде үйретіп, түсіндіріңіз. Жаратылыстың басталуы 45:8 (Аяттың бірінші бөлігін ғана үйренуге болады). Жүсіптің өміріндегі барлық оқиғалар Жақыптың отбасын ашаршылықтан аман алып қалуға арналған Құдайдың жоспарының бір бөлігі болғанын балалардың есіне салыңыз.</p>
ЕСТЕ САҚТАУ	<p>Өңгімені қайталау мақсатында балаларға мына сұрақтарды қойыңыз:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Бунямминнің қабынан не табылды? • Жүсіп өзіне құл ретінде кімді алып қалғысы келді? • Бунямминнің орнына кім қалуды өтінді? • Буняммин үйге қайтпаса, әкесіне не болмақ? • Жүсіп бауырларының өзгергенін қайдан білді? • Жүсіп бауырларын кешірді ме? • Құдайдың кешірімі туралы Киелі кітап нені үйретеді?

В7 4-әңгіме
Мысырда бірге

0-2-деңгейлер

	<p>Біздің үйренетініміз:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Жүсіп әкесі Жақыппен қайта қосылды. • Мәсіхшілер Құдайдың жамандықты жақсылыққа айналдыра алатынына сенеді. <p>Негізгі аят: Жаратылыстың басталуы 50:20 Киелі кітаптан үзінді: Жаратылыстың басталуы 46:1-34</p>
<p>ТАНЫСТЫРУ</p>	<p>Жаңа үйге көшіп көрген балалар бар ма? Олардан сұрап көріңіз. Кім басқа елге көшіп көрді? Жүктерінді түйіп, жолға дайындалу қандай үлкен жұмыс! Балалардың сондай кезде қандай сезімде болғанын сұраңыз. Олар уайымдады ма? Қатты қуанды ма?</p> <p>Бүгінгі әңгімеде Жақып пен оның барлық отбасы Мысырдағы Гөшен деген жерге көшіп барғанын балалардың есіне салыңыз.</p>
<p>ҮЙРЕТУ</p>	<ul style="list-style-type: none"> • Жақып (Исраил) пен оның барлық отбасы заттарын жинастырды. Олар малдары мен дүние-мүліктерін алып, Мысырға қарай жолға шықты. Олар Бер-Шеба деген жерге жеткенде, Құдайға құрбандық ұсыну үшін тоқтады. Олар Құдайдың қамқорлығына ризашылықтарын білдіргісі келді. (Жарат. баст. 46:1) • Құдай Жақыпқа түсінде аян берді. Ол Жақыптың Мысырға қорықпай көшуі керек екенін айтты. Ол Жақып пен оның отбасын Мысырда жарылқап, олардан бір үлкен халық өрбітетінін жеткізді. Құдай Жақыпқа жар болатынын уәде етті. (Жарат. баст. 46:2-4) Құдайың Өз уәдесін әрдайым орындайтыны туралы Киелі кітап үйрететінін балаларға түсіндіріңіз. • Жақып пен оның отбасы Бер-Шебадан шығып, Мысырға келіп жетті. Мысырға көшіп барған Жақыптың отбасында 70 адам болды. (Жарат. баст. 46:5-27) • Олардың бәрі Гөшенге келгенде, Жүсіп алдарынан шықты. Көп жылдардан кейін әкесін қайта көргенде, оның қуанышы қойнына сыймады. Оны мойнынан құшақтап тұрып, ұзақ жылады. Перғауын олардың көшіп келгенін естіп, жылы қарсы алды, Гөшен жерінде тұруға рұқсат берді. (Жарат. баст. 46:28-34) • Балалармен бірге оқиғаның қуанышты аяқталғанын талқылаңыз. Мәсіхшілердің Жүсіп сияқты жақсы уақыттарда да, қиын кездерде де Құдайға сенім артуға тырысатындарын түсіндіріңіз. Құдайдың біздің өмірімізге арналған жоспары бар екенін Киелі кітап жеткізеді. <p>Киелі кітап уақыты сабағын аяқтаңыз. Көрсетіңіз: А қосымшасындағы FBI сілтемесін қараңыз. Мысырда бірге</p>
<p>ҮЙРЕНУ</p>	<p>Негізгі аятты керек жерінде үйретіп, түсіндіріңіз. Жаратылыстың басталуы 50:20 Бұл аятты бүкіл әңгімені қорытындылау үшін пайдаланыңыз. Бауырлары Жүсіпке қандай жамандық істемекші болды? Құдай мұны қалай жақсылыққа айналдырды? Мәсіхшілер Құдайдың біздің өмірімізді Өз бақылауында ұстайтынына сенетіндерін балаларға түсіндіріңіз.</p>
<p>ЕСТЕ САҚТАУ</p>	<p>Әңгімені қайталау мақсатында балаларға мына сұрақтарды қойыңыз:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Жақыптың отбасы қайда көшті? • Олар Құдайға құрбандық ұсыну үшін қайда тоқтады? • Құдай Жақыпқа қандай уәделер берді? • Олар Гөшенге жеткенде, алдарынан кім шықты? • Мысырға Жақыптың отбасынан қанша адам көшіп барды? • Бұл оқиға қайғылы басталды. Оның жақсы аяқталуы үшін Құдай оқиғаны қалай өзгертті?

В8 1-әңгіме
Иса кездестірген адамдар. Ауру әйел

0-2-деңгейлер

	<p>Біздің үйренетініміз:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Киелі кітап Исаның адамдарды сауықтыра алатын құдіреті бар екенін айтады. • Мәсіхшілер Исаның жаралы және науқас адамдарға жанашырлық көрсететініне сенеді. <p>Негізгі аят: Елшілердің істері 10:38 Киелі кітаптан үзінді: Лұқа 4:38-39 (0-деңгей) Лұқа 4:38-44 (1 және 2-деңгейлер)</p>
<p>ТАНЫСТЫРУ</p>	<p>Балалардың орындарынан тұрып, келесі физикалық жаттығуларды бір орында тұрып жасауын сұраңыз. Мысалы, секіру, баяу жүгіру, тез жүгіру, бір аяқпен секіру, саппен жүру, қолмен алдыға қарай соққылар жасау және т.б. Бұл жаттығуларға қатыса алмайтын оқушылар болса, олардың жағдайына түсінікпен қараңыз. Соңында, балалардың денсаулығы жақсы әрі шымыр болғандықтан, бұл жаттығуларды жасап, рақаттанатындарын түсіндіріңіз. Өзімізді нашар сезініп, төсектен тұра алмай, ауырып жатқанда, бұлай көңіл көтеру мүмкін емес. Исаның заманында науқас адамдар көп болды. Бірақ оларға көмек беретін дәрігерлер немесе дәрі-дәрмек болмады. Қазіргі кезде дәрігер болудың қандай екенін салыстырмалы түрде айтып, әңгімелесіңіз. Мысалы, дәрігерлер көптеген аурулар туралы біліп, дәрілер жазып беруі керек. Олардың жұмысы өте көп, кейде олар адамдарға көмектесе алады, ал кейде көмек беруге дәрменсіз болуы мүмкін. Бүгінгі әңгімеде біз Исаның адамдарды сауықтыра алатын құдіреті жөнінде үйренетінімізді түсіндіріңіз.</p>
<p>ҮЙРЕТУ</p>	<ul style="list-style-type: none"> • Иса мәжілісханада (яһудилердің Құдай туралы үйрену үшін жиналатын орны) халыққа тәлім берді. Ол сол жерде бір адамды сауықтырған болатын. Енді біраз шәкірттерімен бірге Шимонның үйіне баратын уақыт келді. Сол жерде бір мәселе болды. Шимонның қайын енесінің (мағынасын түсіндіріңіз) ыстығы көтеріліп, қатты ауырып жатты. Оның жағдайы қандай болғанын түсіндіріңіз. Мысалы, ыстығы жоғары, бүкіл денесі ауырды. Шимон мен басқалары Исаның оны сауықтыра алатынын білді, Одан көмек сұрады. (Лұқа 4:38) Олар неліктен Иса көмектесе алады деп ойлады? • Иса көмектесуге дайын болды. Ол әйелді дереу сауықтырып жіберді. Әйел орнынан тұрып, оларға қызмет ете бастады. Ол ешбір жері ауырмағандай, сап-сау бола қалды! Сол кезде адамдар не деді екен? Балалардың өз ойымен бөлісулерін сұраңыз. • Сол күні кеш бата бүкіл жұрт әр түрлі дертпен ауырған адамдарын Исаға алып келді. Сол жерде қандай адамдардың болғаны және олардың неліктен келгені туралы әңгімелесіңіз. Күн батқан кезде Иса қандай сезімде болды екен? Кеш болғанына қарамастан, Иса бәріне уақытын арнап, көңіл бөлді. Ол әрбір адамның үстіне қолын қойды. Сауықпай кеткен ешкім болмады. Тағы да адамдардың не айтқандарын бірге зерттеңіз. (Лұқа 4:40) • Келесі күні таңертең Иса Өзінің Әкесіне сиыну үшін оңаша жерге барды. Бірақ адамдар Оны іздеп келіп жатты. Олар Исаның керемет құдіреті бар екенін білді. (Лұқа 4:42) • Мәсіхшілер бүгінгі күнде де Исаның адамдарға қамқорлық көрсетіп, көмек бергісі келетініне сенетінін балаларға түсіндіріңіз. <p>Киелі кітап уақыты сабағын аяқтаңыз. Көрсетіңіз: А қосымшасындағы FBI сілтемесін қараңыз. Иса кездестірген адамдар. Ауру әйел</p>
<p>ҮЙРЕНУ</p>	<p>Негізгі аятты керек жерінде үйретіп, түсіндіріңіз. Елшілердің істері 10:38 Топтағы балалардың жаттау қабілетіне қарай жаттатыңыз.</p>
<p>ЕСТЕ САҚТАУ</p>	<p>Әңгімені қайталау мақсатында балаларға мына сұрақтарды қойыңыз:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Иса мәжілісханада не істеді? • Иса кімнің үйіне барды? • Кімнің ыстығы көтеріліп жатты? • Иса әйелді сауықтыру үшін қандай екі іс-әрекетті қолданды? • Әлгі әйел сауыққаннан кейін не істеді? • Исаға не себепті көп адамдар келе бастады? • Иса келесі күні таңертең қандай маңызды әрекет жасады?

В8 2-әңгіме
Иса кездестірген адамдар. Алапес адам

0-2-деңгейлер

	<p>Біздің үйренетініміз:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Иса алапес адамды сауықтыруы арқылы оған Өз сүйіспеншілігін көрсетті. • Иса сияқты біз де басқаларға көмек беруіміз қажет екенін Киелі кітап үйретеді. <p>Негізгі аят: Лұқа 7:22 Киелі кітаптан үзінді: Лұқа 5:12-16</p>
<p>ТАНЫСТЫРУ</p>	<p>Балалардың жұқпалы аурулармен ауырған кездері болды ма? Олардан бөлісуін сұраңыз. Мысалы, желшешек, қызылша немесе коронавирус, т.б. Сол кезде басқалардан алшақ болып, біраз қызықты нәрселерден құр қалған уақыттары туралы әңгімелесіңіз. Исаның заманында бір адамнан екінші адамға жұғатын алапес деген тері ауруы болғанын түсіндіріңіз. Оны жұқтырған адамдар өз отбасымен бірге өмір сүре алмады және жұмысқа бара алмады. Ол аурудың ешқандай емі жоқ еді! Қазіргі кездегі қолжетімді медициналық көмектің кез келген деңгейі үшін балалардың ризашылық білдіруіне жігер беріңіз. Қажет болса, мінажат етіп, Құдайға алғыс айтуға да болады.</p>
<p>ҮЙРЕТУ</p>	<ul style="list-style-type: none"> • Бір күні Исаға үсті-басы алапес қаптаған бір адам келді. Ол Исаның аяғына жығылып, көмек сұрап, жалбарынды. Ол: «Мырза! Егер қаласаңыз, мені құлантаза сауықтыра аласыз,» - деді. Бұл адам Иса қаласа, оны сауықтыра алатын құдіретінің бар екенін білді. (Лұқа 5:12) • Әрине, Иса оған көмектескісі келді. Әлгі адам Исаны қатты жақсы көрді және өзінің көмекке қаншалықты мұқтаж екенін білді. Содан кейін Иса таңғажайып іс жасады. Ол қолын созып, әлгі адамның денесіне тигізді де: «Қалаймын, құлантаза сауығып кет!» - деді. Иса оған қолын тигізгенде, алапес ауруын жұқтырған жоқ. Қайта әлгі адам сол сәтте өзін жақсы сезіне бастады. Оның терісі қалайша теп-тегіс әрі тап-таза болғанын сипаттаңыз. Сол адамның таң-тамаша болып, риза болғаны жөнінде талқылаңыз. (Лұқа 5:13) Бұл тағы бір керемет болатын. Иса адамдардың ауруларынан үстем екенін және өмірді өзгерте алатын ұлы құдіретін тағы да дәлелдеді. • Қателіктерімізге қарамастан, Исаның бізді жақсы көретінін Киелі кітап растайды. Егер өзіміз қалайтын болсақ, Ол бізді кешіріп, күнәларымыздан тазарта алады. • Иса әлгі адамды сауықтырғаннан кейін оған діни қызметкерге барып, сауығып кеткенін көрсетуді тапсырды. Бұдан былай осы адамның өмірі қалай өзгерер екен!? Ол Исамен кездескен күнін енді ешқашан ұмытпайтын болды. (Лұқа 5:14) • Киелі кітап уақыты сабағын аяқтаңыз. <p>Киелі кітап уақыты сабағын аяқтаңыз Көрсетіңіз: А қосымшасындағы FBI сілтемесін қараңыз. Иса кездестірген адамдар. Алапес адам</p>
<p>ҮЙРЕНУ</p>	<p>Негізгі аятты керек жерінде үйретіп, түсіндіріңіз. Лұқа 7:22 Бұл аятта Исаның адамдардың өмірін өзгерткен алты түрлі жолы берілген. Мұның бәрін рет-ретімен келтіру қиындық тудыруы мүмкін. Әр сөйлемге қарапайым пантомима (мимика) қолданып көріңіз. Мысалы: "соқыр" = көзіңізді көрсетіңіз, "ақсақтар" = бір орында ақсаңдап жүріңіз, "алапеспен ауыратындар" = алақаныңыздың терісін түртіңіз. Егер мәтін тым ұзақ болса, балама ретінде оны сөйлемдерге бөліп, әр түрлі топтарға оқытыңыз. Екінші деңгейдің балаларына Исаның әр топтан сауықтырған адамдарына нақты мысалдар келтіруге тырысыңыз.</p>
<p>ЕСТЕ САҚТАУ</p>	<p>Сұрақ-жауап ойыны үшін ШЫНДЫҚ / ЖАЛҒАН тұжырымдамаларын пайдаланыңыз.</p> <ul style="list-style-type: none"> • Алапес – жұқпалы ауру. • Әлгі адамның тек отбасымен ғана болуына рұқсат етілді. • Ол Исаның аяғына жығылды. • Ол Исаның сауықтыра алатынына сенімді болмады. • Иса оған қолын тигізді. • Иса Құдайдың Ұлы болғандықтан, оны сауықтыра алды. • Ол аз уақыттан кейін-ақ өзін жақсы сезіне бастады. • Ол діни қызметкерге барып, қаралуы тиіс болды. • Біздің бәрімізде күнә деген ауру бар. • Иса бізді сүйеді және біздің күнәларымызды кешіруге дайын екенін Киелі кітап растайды.

В8 3-әңгіме
Иса кездестірген адамдар. Мүгедек адам

0-2-деңгейлер

	<p>Біздің үйренетініміз:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Исаның сал адамды сауықтырып, оның күнәларын кешіретін құдіреті болды. • Мәсіхшілер Құдайдан күнәларын кешіруді өтініп, өздерінің орнына айқыш ағашта құрбан болған Исаға алғыс айтады. <p>Негізгі аят: Лұқа 5:24 Киелі кітаптан үзінді: Лұқа 5:17-26</p>
<p>ТАНЫСТЫРУ</p>	<p>Балалардан мектепте немесе үйде достарына қандай көмек көрсете алатындарын сұраңыз. Бүгінгі әңгімеде төрт досы сал болып ауырған адамды Исаға көтеріп алып келді. Егер мүмкін болса, олардың мұны қалай істегендерін көрсету үшін, көрпеше төсенішті пайдаланыңыз. Олар досын Исаға неліктен алып келді? Олар достарын сауықтыра алатын Исаның құдіретінің бар екенін білді.</p>
<p>ҮЙРЕТУ</p>	<ul style="list-style-type: none"> • Алайда Исаға жақындап бару олардың ойлағанындай оңай болмады. Үйдің іші Исаны тыңдауға келген адамдарға лық толы еді. Мәсіхшілер де Исаның сөзін тыңдағысы келетін қалаудың болғаны маңызды екеніне сенеді. • Олардың есіктен кіруіне мүмкіндік болмағандықтан, сал адамды үйдің сыртқы сатысымен көтеріп, төбеге шықты. Олар оңайлықпен беріле салмады. Себебі өздеріне Исаның ғана көмек бере алатынын білді. Үйдің ішінде отырған адамдардың көз алдында үйдің төбесі ашылып, Исаның дәл алдына сал адам төсенішімен түсірілгенін балалардың көз алдарына елестетіп көруін сұраңыз. (Лұқа 5:18-19) • Иса әлгі адамды қалай сауықтырмақ? Шимон Петірдің қайын енесі мен алапес адамды Исаның қалай сауықтырғанын балалардың айтып беруін сұраңыз. Бүгінгі әңгімеде Иса әлгі адамға былай деді: «Пендем, сенің күнәларың кешірілді». Сол жерде тұрған кейбір адамдар бұл сөзге ашуланды. Олар Исаның күнәны кешіре алатынына сенбеді. Олар тек Құдай ғана күнәларды кешіреді деп ойлады және Исаның Құдайдың Ұлы екеніне сенбеді. Иса олардың ойларын білді. Оның біздің де ойларымызды білетінін Киелі кітап үйретеді. (Лұқа 5:20-24) • Олар сал адамның өмірін жақсы білмесе де, Иса әлгі адамның күнәларын шынымен кешіріп қойғанын өздеріне дәлелдеуді қалады. Ол сал адамға орнынан тұрып, төсенішін жинап алып, үйіне баруын бұйырды. Сол сәтте-ақ ол орнынан тұрып, Құдайды мадақтап, үйіне кетті. Бәрі таңғалды! Исаның құдіреті сал адамды сауықтырып қана қоймай, оның күнәларын да кешірді. Мұндай құдірет басқа ешкімде болмады! (Лұқа 5:24-26) • Күнә деген не? Күнә туралы қайталаңыз. Киелі кітапта күнә біздің Құдаймен қарым-қатынасымызды бұзып, жұмаққа баруымызға кедергі жасайтыны айтылған. Мәсіхшілер Исаның күнәларымызды кешіретін құдіреті бар екеніне сенеді. Өйткені Оның Өзі еш күнә жасаған емес. Біздің күнәларымыздың жазасын Өз мойнына алу үшін, Ол өлуге дайын болды. Мәсіхшілер өз күнәлары үшін шын жүректен өкінудің қажет екенін түсініп, кешірімге ие болудың жолын ашып берген Исаға үздіксіз алғыс айтады. <p>Киелі кітап уақыты сабағын аяқтаңыз. Көрсетіңіз: А қосымшасындағы FBI сілтемесін қараңыз. Иса кездестірген адамдар. Мүгедек адам</p>
<p>ҮЙРЕНУ</p>	<p>Негізгі аятты керек жерінде үйретіп, түсіндіріңіз. Лұқа 5:24</p>
<p>ЕСТЕ САҚТАУ</p>	<p>Әңгімені қайталау мақсатында балаларға мына сұрақтарды қойыңыз:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Әлгі адамның қанша досы болды? • Оның қандай мәселесі болды? • Достарын Исаның алдына алып бару неліктен қиын болды? • Олар досын үйге қалай кіргізді? • Иса әлгі адамға алдымен не деді? • Кейбір адамдар неліктен ашуланды? • Иса әлгі адамның күнәсін кешіргенін қалай дәлелдеді? • Мәсіхшілер Исаның біз үшін қандай маңызды нәрсе істей алатынына сенеді?

В8 4-әңгіме
Иса кездестірген адамдар. Матай

0-2-деңгейлер

	<p>Біздің үйренетініміз:</p> <ul style="list-style-type: none"> Иса Матайдың өмірі қандай болғанын білсе де, оның Өзінің соңынан ергенін қалады. Мәсіхшілер адамның қабылдайтын ең маңызды шешімі Исаның соңынан еру екеніне сенеді. <p>Негізгі аят: Лұқа 5:32 Киелі кітаптан үзінді: Лұқа 5:27-32</p>
<p>ТАНЫСТЫРУ</p>	<p>Балалардан өскенде қандай мамандықпен еңбек етуді қалайтынын сұрап, әңгімелесіңіз. Сол мамандықтардың артықшылығы туралы талқылаңыз.</p> <p>Немесе: Өздері өмір сүріп жатқан қоғамда кеңінен таралған еңбек түрлерін балаларға мимикамен көрсетіңіз. Сіз жасырған еңбек түрлерін балалар табуы керек. Бүгінгі әңгіме салық жинаушы Матай (Леуі) деген адам туралы екенін түсіндіріңіз. Ол жол бойында отырып, елді басқарып тұрған римдіктерге арнап, адамдардан салық жинайтын. Біздің де бүгінгі күні салық төлейтінімізді және оның қалай пайдаланылатынын айтып өтуге болады. Өкінішке орай, Матай сияқты салық жинаушыларды халық ұнатпайтын. Мұның себебі олардың жау халыққа (римдіктерге) қызмет еткендігінде емес, олардың кейде халықтан артық жинап, өз қалталарына салатындығында еді.</p>
<p>ҮЙРЕТУ</p>	<ul style="list-style-type: none"> Бір күні Иса жұмысын атқарып отырған Матайды байқайды. Иса Матай туралы не ойлады екен? Балалармен талқылап көріңіз. Ол Матайдың қандай адам болғанын білді ме екен? Мәсіхшілер: «Әрине!» - дер еді. Ол біздің әрқайсысымыз туралы бәрін біледі. Исаның Матайға қандай да бір ісі болды ма? Әрине! Матай Исаның көмек беретін адамының дәл өзі болатын. Ол Матайдың өмірін өзгерте алды! Сондықтан Иса Матайдың жанына тоқтап: «Соңымнан ер!» - деп шақырды. (Лұқа 5:27) Матай не істер екен? Матайдың алдында тұрған таңдауды түсіндіріңіз. Матай сол сәтте өзінің не істеу керек екенін түсінді. Ол Исаның соңынан еруге шешім қабылдады! Исаның оны шақырғаны қандай тамаша болды! Ол орнынан тұрып, бәрін тастап, Исаға шәкірт болып ерді. (Лұқа 5:28) Мәсіхшілер де Исаның біздің әрқайсысымызды Өзінің соңынан еруге және өмірімізден Оған орын беруге шақыратынына сенеді. Біз де таңдау жасауымыз керек. Матай Исамен кездесіп, өмірінің қалай өзгергенін достарының көргенін қалады. Сондықтан достары мен Исаны, Оның шәкірттерін өз үйіне қонақасына шақырды. Сол жерде болған кейбір адамдар Исаның Матаймен және оның достарымен араласқаны дұрыс емес деп есептеді. Олар Исаның күнәкарлармен емес, тек жақсы адамдармен ғана уақыт өткізгені дұрыс деп санады. Олар барлық адамдардың күнәкар екенін түсінбеді. Иса оларға Өзінің жер бетіне келу себебін түсіндірді. Ол өздерін жоғары санайтын адамдар үшін емес, қайта өздерінің күнәкар екенін түсініп, теріс жолдан қайтқысы келетіндер үшін келді. (Лұқа 5:29-32) Киелі кітап Исаның күнәны жек көретінін, ал Матай және біз сияқты күнәкарларды жақсы көретінін үйретеді. Оның соңынан еру дегеніміз Оның көшірім беретініне сеніп, Киелі кітаптың шындығына сай өмір сүруді білдіреді. Кейінірек Құдай Матайды бір маңызды қызметті атқару үшін таңдап алды. Ол Жаңа Өсиеттің алғашқы кітабын жазды. Исаның соңынан еруге шешім қабылдап, өміріндегі қателіктерді жөндеуге Исаға рұқсат берген күннің нәтижесі оған таңғажайып өзгерістер алып келді. Киелі кітап уақыты сабағын аяқтаңыз. <p>Көрсетіңіз: А қосымшасындағы FBI сілтемесін қараңыз. Иса кездестірген адамдар. Матай</p>
<p>ҮЙРЕНУ</p>	<p>Негізгі аятты керек жерінде үйретіп, түсіндіріңіз. Лұқа 5:32 «Әділ», «теріс жолдан қайту» деген қиын сөздердің мағынасын талқылаңыз.</p>
<p>ЕСТЕ САҚТАУ</p>	<p>Балалардан осы әңгімелердегі Иса кездестірген адамдардың коллажын жасауды сұраңыз. Немесе өткен сабақтардан таңдалған сұрақтарды және Матай туралы бірнеше сұрақты пайдалана отырып, В8 бөлімі бойынша толық шолу викторинасын өткізуге болады.</p> <ul style="list-style-type: none"> Матай қандай жұмыс істеді? Иса Матайға не деді? Матай Исаның соңынан еріп, кейін не істеді?

3 - 4-деңгейлер	B7 – 3-деңгей 1-сабақ. Жүсіптің өмірі Тақырып: Мысырдағы тыңшылар	B7– 4-деңгей 1-талдау. Жүсіптің өмірі Тақырып: Жасөспірім кезіндегі сынақ
	<p>Киелі кітаптың назар аударатыны: Жаратылыстың басталуы 41:46-57 және 42:1-26 Негізгі аят: Руларды санау 32:23 Біздің үйренетініміз:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Киелі кітап күнәнің Құдайға мойынсұнбау екенін үйретеді. 2. Мәсіхшілер Құдайдың ғана күнәні кешіре алатынына сенеді. 	<p>Киелі кітаптың назар аударатыны: Жаратылыстың басталуы 39:1-23 және 40:1-23 Негізгі аят: Жаратылыстың басталуы 39:21 Біздің үйренетініміз:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Жүсіп азғырылуға жеңілген жоқ. 2. Жүсіп Құдайға сенім артты және құлдықта да, азғырулар кезінде де, түрмеде де Оған мойынсұнды.
ТАНЫСТЫРУ	<p>Мысырлықтардың өмірі толығымен өздері екен егінге байланысты болғанын айтып өтіңіз. Сол себепті жеті жылға созылған аштық халық үшін өте ауыр әрі қауіпті жағдай болды. Ол заманда астық өте құнды саналды, себебі ол барлық тамақ өнімдерінің негізі болды және оны ұзақ уақыт бойы сақтауға болатын. Ол, тіпті, ақша ретінде де қолданылды. Көршілес елдерге қарағанда, Мысырдың аштық кезінде жағдайының әлдеқайда жақсы болғаны Ніл өзенінің пайдасы тигенін түсіндіріңіз.</p>	<p>Потифар перғауынның бас қорғаушысы болатын. Ол үйдің жұмысын атқару үшін, Жүсіпті ысмағұлдық саудагерлерден сатып алды. Бұл оның өміріндегі ең дұрыс шешімі болды. Себебі Жүсіп өте икемді жас жігіт болатын. Потифардың әйелі Жүсіпке жала жауып, оны түрмеге қаматты. Түрмеде түс жору мәселесі көтерілді. Жүсіп әркімнің назарын Құдайға аударды. Ол: «Түс жору Құдайдың ісі емес пе?» - деді. (Жарат. баст. 40:8)</p>
АЯҚТАУ	<p>Киелі кітаптағы әңгімені таныстырыңыз Талқылаңыз және түсіндіріңіз:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Аштық жеті жылға созылды (54-аят) және халыққа керектіні перғауынның мол астық қоймаларынан тек Жүсіп қана бере алды. (55-аят) 2. Аштық жайлағандықтан, Жүсіптің бауырлары астық сатып алуға Мысырға келді. (42:1-3) 3. Жүсіп бауырларын таныды, ал олар оны танымады. (42:7) жиырма жылдан астам уақыт өткен еді) Ол бауырларын үш күнге түрмеге қаматты. 4. Жүсіп бауырларына оған жасаған істері қаншалықты жаман болғанын түсіндірмек болып, оларға қаталдықпен қарады. (42:21) Ол бауырларының жүректері өзгергенін білгенде ғана оларды кешіре алды. 5. Олардың естеліктері мен ар-ұжданы оларды кінәлады. Сонда олар өздерінің өтіп жатқан қиындықтарының себебін түсінді. 6. Жүсіп оларға қаталдықпен қараса да, жүрегі елжіреп, жылады. (24-аят) Олардың әкесі Жақыпқа қайтар жолдарына астық салып берді. Бірақ Шимонды түрмеде алып қалып, олардың кенже інісі Буяминді Мысырға алып келуді талап етті. 7. Олар болған жағдайды әкесіне айтып бергенде, Жақып қатты ренжіді. Буяминді Мысырға ешқашан жібермейтінін айтты. (42:38) <p>Негізгі аятты түсіндіріп, балалардың оны үйреніп алуына жігер беріңіз. 1-сабақты аяқтаңыз. Көрсетіңіз: В қосымшасындағы FBI сілтемесін қараңыз. Мысырдағы тыңшылар</p>	<p>Киелі кітаптағы әңгімені таныстырыңыз Талқылаңыз және түсіндіріңіз:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Жүсіп Мысырда құлдықта жүрген кезде әрбір жағдайды шебер пайдалана білді. Содан кейін ол көп ұзамай перғауынның сеніміне кірді. (39:2) 2. Потифардың әйелі Жүсіпке жала жауып, оны түрмеге қаматты. (39:11-20) Жүсіп адамгершілігі мол адал жігіт болатын. Ол қандай жағдай болмасын Құдайдан сенімін үзбеді. Құдай оған жар болды және оның басынан өтіп жатқан жағдайды жақсылыққа айналдырып, оны түрмедегі тұтқындардың қараушысы етіп қойды. (39:21-23) 3. Түрмеге түскен екі уәзір түс көріп, Жүсіп олардың түстерін жорып бере алды. (40:8) 4. Жүсіптің бас шарапшының түсіне берген жоруы өмір туралы хабар еді. Ол түрмеден босатылды. Ал наубайшының түсін жоруы өлім туралы хабар болды. Ол өлім жазасына кесілді. 5. Жүсіп бас шарапшыдан өзін ұмытпауды және перғауынға айтып беруін өтіңді. Бірақ ол Жүсіп туралы ұмытып кетті. (40:14, 23) <p>Негізгі аятты түсіндіріп, балалардың оны үйреніп алуына жігер беріңіз. 1-талдауды аяқтаңыз. Көрсетіңіз: С қосымшасындағы FBI сілтемесін қараңыз. Жасөспірім кезіндегі сынақ</p>
ҚАЙТАЛУ	<p>Негізгі аятты балалармен бірге оқып, оның бүгінгі сабақты қалай қорытындылайтынын сұраңыз.</p>	<p>Келесі тақырыптарға байланысты негізгі аят бүгінгі сабақты қалай қорытындылайтынын балалармен бірге талқылаңыз.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Жүсіптің Потифардың үйіндегі өмірі. 2. Жүсіптің түрмедегі өмірі.
ӨМІРДЕ ҚОЛДАНУ	<p>Осы сабақ бүгінгі мәсіхшілерге қандай шақыру тастайды?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Біз басқаларға немесе Құдайға қарсы күнә жасағанда, неліктен кешірім сұрау маңызды? 2. 1 Жохан 1:9-аятты талқылау. «Егер де күнәларымызды мойындасақ, Құдай сенімді де әділетті болғандықтан оларды кешіріп, бізді барлық әділетсіздігімізден тазартады». Бұл аят Құдай туралы нені үйретеді? 	<p>Осы сабақ бүгінгі мәсіхшілерге қандай шақыру тастайды?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Жүсіп тұтқындардың назарын өзінің жан дүниесінде жұмыс істеп жатқан Құдайдың құдіретіне аударды. Мәсіхшілер көп жағдайда адамдардың мақұлдауын, сүйіспеншілігін іздеп, нағыз көмектің қайдан келетінін қаншалықты көре алмайды? 2. Ефестіктерге 6:13-17 және Жақып 1:12-18 аяттарды оқып, қиыншылықтан өтіп жатқан мәсіхшілерге осы аяттар қалай жігер беретіні туралы ойлану.

3 - 4-деңгейлер	B7 3-деңгей 2-сабақ. Жүсіптің өмірі Тақырып: Бунамин және суық хабар	B7 4-деңгей 2-талдау. Жүсіптің өмірі Тақырып: Оның сарайдағы қызметке дейін көтерілуі
	<p>Киелі кітаптың назар аударатыны: Жаратылыстың басталуы 42:35-38; 43:11-14, 24-31; 44:1-17 Негізгі аят: Ефестіктерге 4:32 Біздің үйренетініміз:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Жүсіпті құлдыққа сатуға келіскен Яһуда Бунаминді құтқару үшін енді өзі құл болуды ұсынды. (44:33) 2. Мәсіхшілер Құдайдың адамдардың өмірін түбегейлі өзгерте алатынына сенеді. 	<p>Киелі кітаптың назар аударатыны: Жаратылыстың басталуы 41:1-45 Негізгі аят: Жаратылыстың басталуы 41:38 Біздің үйренетініміз:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Перғауынның Жүсіпті «Құдайдың Рухына кенелген адам» деп танығанындай, (41:38) мәсіхшілер бүгінгі күнде қайырымды іс-әрекеттері мен Құдайға ұнамды өмірлері арқылы басқаларға үлгі болулары тиіс. 2. Жүсіп құл кейпінен Мысырдың Премьер-министріне дейін тез өсті. Мәсіхшілер қандай жағдайда болмасын, мұны өз өмірлеріне арналған Құдайдың дайындық бағдарламасы ретінде қарастыруы керек.
ТАНЫСТЫРУ	<p>Жүсіптің бауырларының іс-әрекеті өздеріне ғана қиындық тудырмай, сондай-ақ әкелері Жақыпқа қаншалықты қайғы-қасірет әкелгенін балалармен бірге талқылаңыз. Біздің әрекетіміздің өзімізге ғана емес, отбасымыз бен достарымызға да қалай әсер ететініне бірнеше мысалдар келтіріңіз.</p>	<p>Жүсіп түрмеден перғауынның алдына әкелінді. Жүсіптің Құдайдан берілген түс жору қабілеті перғауынды қатты таңғалдырды. Ол Жүсіпке «премьер-министр» лауазымын берді. (Жарат. баст. 41:41) Жүсіп қиыншылықтарда да Құдайға адал болып қала берді (1-талдау) және Құдай да оған адал болды.</p>
АЯҚТАУ	<p>Киелі кітаптағы әңгімені таныстырыңыз Талқылаңыз және түсіндіріңіз:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Ашаршылық елді әлі жайлап тұрды. Бауырлары астық алу үшін Мысырға тағы да келуі керек болды. Жақып Бунаминді Мысырға жібергісі келмеді. (43:11) Алайда олардың қажетін тек Жүсіп қана бере алды. 2. Бауырларының бәрі Жүсіптің үйіне түскі асқа шақырылды. Олар оны әлі де танымады. (43:16) 3. Үрейленіп келген бауырлары Жүсіптің сарайындағы қонақасына риза болды. Жүсіп інісі Бунаминді көргенде, оңаша шығып кетіп, жылап алды. (43:30) 4. Ол өзінің күміс тостағанын Бунаминнің қабына салуды бұйырды. Содан кейін оны кінәлап, жазалануы тиіс екенін айтты. (44:17) 5. Осы уақыттың бәрінде Жүсіп бауырларын сынап, оның көшіріміне лайықты-лайықсыз екендеріне көз жеткізді. <p>Негізгі аятты түсіндіріп, балалардың оны үйреніп алуына жігер бөріңіз. 2-сабақты аяқтаңыз. Көрсетіңіз: В қосымшасындағы FBI сілтемесін қараңыз. Бунамин және суық хабар</p>	<p>Киелі кітаптағы әңгімені таныстырыңыз Талқылаңыз және түсіндіріңіз:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Балгерлер мен білімпаздар перғауынның түсін жорып бере алмады. Ал Құдай Жүсіпке түстің мағынасын ашып берді. (41:8) 2. Жүсіптің Құдаймен қарым-қатынасы түсті жоруға көмектесті және Құдайға мадақ алып келді. (41:16) 3. Жүсіп перғауынға жеті жыл ашаршылықтан аман шығудың, сөйтіп, мысырлықтар мен өзінен алыста өмір сүріп жатқан өз отбасының өмірлерін құтқарып қалудың жоспарын ұсынды. (41:33-36) 4. Жүсіпке жоғары лауазым беріліп, ол бүкіл Мысыр елін басқаратын бас уәзір болды. Оған жаңа есім қойылып, жоғары сый-құрметке ие болғанының белгісі ретінде мысырлық діни қызметкердің қызы өмірлік жары етіп берілді. (41:41-45) <p>Негізгі аятты түсіндіріп, балалардың оны үйреніп алуына жігер бөріңіз. 2-талдауды аяқтаңыз. Көрсетіңіз: С қосымшасындағы FBI сілтемесін қараңыз. Оның сарайдағы қызметке дейін көтерілуі</p>
ҚАЙТАЛУ	<p>Яһуданың Бунаминнің орнына өз өмірін қиюға ұсынуы Исаның айқаш ағаштағы құрбандығын бейнелейді.</p>	<p>Балалардан түс туралы, оның жоруы мен Жүсіптің жоғары қызметке көтерілуі жайында сұраңыз. Бұл оларға 2-талдаудағы сұрақтарға дұрыс жауап беруге көмектеседі.</p>
ӨМІРДЕ ҚОЛДАНУ	<p>Осы сабақ бүгінгі мәсіхшілерге қандай шақыру тастайды?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Өзгелерге жасалған дұрыс емес әрекеттердің қалай қасірет әкелетіні туралы ойлану. 2. Киелі кітап Исаның бізді кешіретінін, сол себепті бізге қарсы күнә жасағандарды біз де кешіруіміз қажет екенін үйретеді. (Ефест. 4:32) Біреуді кешіру қиынға соғатын кездер туралы талқылаңыз. Құдайдың Сөзі бізге қандай кепілдік береді? 	<p>Осы сабақ бүгінгі мәсіхшілерге қандай шақыру тастайды?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Жүсіп Құдаймен дұрыс қарым-қатынас тұрғызғандықтан, сынақтардан өтуге дайын болды. Мәсіхшілер дұғаның күшіне және өмірлеріне арналған Құдайдың еркі мен бағыт-бағдарын білуде Киелі кітапты зерттеудің қажет екеніне сенеді. 2. Жүсіп Құдайға істеген істері үшін әрдайым мадақ айтты. Ол мұны бар ықыласымен істеді. Неліктен? 3. Жыршы Дәуіт пен Пауыл елші көп жылдардан кейін Жүсіп туралы не айтып кеткенін табыңыз және осы сөздерді бүгінгі үзіндімен байланыстырыңыз. (Забур 104:16-22 және Елш.іст. 7:9-10)

3 - 4-деңгейлер	B7 3-деңгей 3-сабақ. Жүсіптің өмірі Тақырып: Кешірім және қуанышты хабар	B7 4-деңгей 3-талдау. Жүсіптің өмірі Тақырып: Оның қамқор әрекеті
	<p>Киелі кітаптың назар аударатыны: Жаратылыстың басталуы 44:18-34; 45:1-14, 25-28 Негізгі аят: Жаратылыстың басталуы 45:9 Біздің үйренетініміз:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Жүсіптің бауырлары оның көзін құртуды қаласа да, Құдай олардың зұлым істерін өз өмірлерін және бүкіл Мысырды аман алып қалу үшін қолданды. Құдай бұл жағдайды Исраил халқының қалыптасуына жол дайындау үшін де пайдаланды. 2. Бауырлары Жүсіптен бас тартқанымен, ол кейінірек оларды кешірді. Сол сияқты бұрын біз Құдайды қабылдасамыз та, мәсіхшілер Оның бізді кешіретініне сенеді. 	<p>Киелі кітаптың назар аударатыны: Жаратылыстың басталуы 41:47-57; 42 және 43 Негізгі аяттар: Римдіктерге 14:11-12 Біздің үйренетініміз:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Жүсіп бауырларын кешірмей тұрып, олардың істеген жамандықтарын мойындағанын қалады. 2. Жүсіптің бауырлары оған иіліп тағзым еткеніндей, әркім Иса Мәсіхтің алдында бас иіп, Ол қайтып келгенде, Оның Ие екенін мойындайтынына мәсіхшілер сенеді.
ТАНЫСТЫРУ	<p>Жүсіп бауырларының шын жүректен өкінгендерін көргенде: «Мен - Жүсіптің», - деп өзінің кім екенін оларға ашты. (Жарат. баст. 45:4) Қосымша ретінде осы сөздерді пайдаланып, Исаның Өзі туралы айтқан аяттарын талқылаңыз. (Жохан 6:35 – Өмір Наны, Жохан 8:12 – дүние үшін Нұр, Жохан 10:7 – Есік, Жохан 10:11 – Ізгі Бағушы, Жохан 11:25 – Қайта тірілу мен Өмір, Жохан 14:6 – Жол, Жохан 15:1 – Жүзім бұтасы)</p>	<p>Жүсіп бауырларын соңғы рет жиырма жыл бұрын көрген еді. Олар сол кезде оны ысмағұлдық саудагерлерге жиырма мысқал күміске сатып жіберген болатын. Жүсіп: «Олар әлі де баяғыдай зұлым әрі опасыз ба? Жылдар өте келе өзгерді ме екен?» — деп ойланған болуы керек. Мұның анық-қанығын білу үшін ол ағаларын бірнеше сынақтан өткізуді ұйғарды.</p>
АЯҚТАУ	<p>Киелі кітаптағы әңгімені таныстырыңыз. Талқылаңыз және түсіндіріңіз:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Күміс тостаған Жүсіптің билігінің символы болатын және оны ұрлау өте ауыр қылмыс деп есептелді. Қазір бауырлары Буняминге зиян келетінін ойлап, қатты уайымдады. Олар Жүсіптің сарайына қайтып келгенде, Яһуда Буняминнің орнына өзін жазалауды өтінді. (44:33) 2. Алайда жазаланудың орнына бауырлары кешірімге ие болды. (45:5) Жүсіп олардың істеген жамандықтарына қарамастан, Құдайдың Өз мақсатын іске асырғанын түсіндірді. 3. Бауырлары Жүсіптің тірі екені туралы қуанышты хабармен Жақыпқа қайта оралып, оған Жүсіптің жіберген сыйлықтарын көрсетті. (45:26-27) <p>Негізгі аятты түсіндіріп, балалардың оны үйреніп алуына жігер беріңіз. 3-сабақты аяқтаңыз. Көрсетіңіз: В қосымшасындағы FBI сілтемесін қараңыз. Кешірім мен жақсы хабар</p>	<p>Киелі кітаптағы әңгімені таныстырыңыз. Талқылаңыз және түсіндіріңіз:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Жүсіптің бауырлары астық сатып алу үшін Мысырға келді. Жүсіп оларды кешірмей тұрып, өздерінің істеген әрекеттері күнә екенін мойындату үшін, олармен қатал сөйлесті. (42:6-7) 2. Жүсіп оларды үш күнге түрмеге қаматты. Іштей өздерінің Жүсіпке зұлымдық істегендерін білгендіктен, олар жасаған істеріне өкініп, кінәларын мойындады. (42:21) 3. Жүсіп бауырларына қаталдық танытса да, мұнысын сүйіспеншілікпен істеді. Бұл жайында біз Жаратылыстың басталуы 42:24-аяттан оқимыз. Сол жерде оның көзіне жас алғаны жазылған. Бұл жерде біз Жүсіптің іс-әрекетінен шынайы рақымдылықты көре аламыз. Ол бауырлары соған лайықты болмаса да, оларға сүйіспеншілігін көрсетті. 4. Олар Буняминді алып, Жүсіпке екінші рет келгенде, оның билігін мойындап, жерге дейін иіліп, тағзым етті. (43:26-28) Бұдан біз Жаратылыстың басталуы 37:7-аяттағы Жүсіптің көрген түсінің орындалғанын көреміз. Бұл Киелі кітаптың Құдай Сөзі екенін дәлелдейтініне мәсіхшілер сенеді. 5. Жүсіп Буняминді көргенде, жүрегі елжіреп кетті. Ол өз бөлмесіне кіріп, көз жасын төкті. (43:30) <p>Негізгі аяттарды түсіндіріп, балалардың оны үйреніп алуына жігер беріңіз. 3-талдауды аяқтаңыз. Көрсетіңіз: С қосымшасындағы FBI сілтемесін қараңыз. Оның қамқор әрекеті</p>
ҚАЙТАЛУ	<p>Бүгінгі сабақты негізгі аятпен байланыстырыңыз. “Құдай мені бүкіл Мысыр елінің әміршісі етіп қойды. Көп кешікпей, көшіп кел”. Жақып бұл хабарды естігенде, қандай күйде болғанын балалармен бірге талқылаңыз.</p>	<p>Екі негізгі аятты үйреніп, олардың бүгінгі сабақты қалай қорытындылайтынын балалармен бірге талқылаңыз.</p>
ӨМІРДЕ ҚОЛДАНУ	<p>Осы сабақ бүгінгі мәсіхшілерге қандай шақыру тастайды?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Жүсіптің тірі қалып, бүкіл Мысыр елінің әміршісі болғанындай, Исаның да көкте тірі әрі Ол бәрінің Иесі екенін біліп, соған сенудің маңыздылығын талқылау. 2. Жүсіп бауырларын кешірді және оларға жомарттықпен сый-тартулар берді. Бұны мәсіхші мен Құдайдың арасындағы қарым-қатынаспен қалай салыстыруға болады? 3. Иеміздің дұғасында Исаның кешірім туралы не үйреткенін талқылау. (Матай 6:12) 	<p>Осы сабақ бүгінгі мәсіхшілерге қандай шақыру тастайды?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Римдіктерге 5:21-аятта Исаның беретін рақымдылығы жөнінде нені үйренеміз? 2. Жүсіп өзіне қарсы күнә жасаған бауырларын кешіргендей, мәсіхшілер Исаның айқын ағаштағы өлімі арқылы бұдан да үлкен сүйіспеншілікті көреді. Луқа 23:34-аятты оқып, талқылап, сол туралы ойлану. 3. Жаратылыстың басталуы 37:7-8 аяттардағы Жүсіптің түсі Жаратылыстың басталуы 43:26-аятта орындалды. Забур 50-тарауды және Філіпіліктерге 2:9-11-аяттарды оқып, мәсіхшілер мен Исаға сенбейтіндер үшін осы аяттардың қандай мағына беретіні туралы ойлану.

3 - 4-деңгейлер

B7 3-деңгей
4-сабақ. Жүсіптің өмірі
Тақырып: Мысырда бірге

B7 4-деңгей
4-талдау. Жүсіптің өмірі
Тақырып: Толық кешірім беру

Киелі кітаптың назар аударатыны: Жаратылыстың басталуы 46:1-7; 26-34
Негізгі аят: Жаратылыстың басталуы 50:20
Біздің үйренетініміз:
 1. Жүсіптің адалдығы оның бүкіл отбасына әсер етті және оларға көп жарылқау алып келді.
 2. **1 Патшалық 2:30-аятта:** «Мені сыйлағандарды Мен де сыйлаймын», - деген. Жүсіп - Құдайдың уәдесінің нағыз үлгісі.

Киелі кітаптың назар аударатыны: Жаратылыстың басталуы 44 және 45
Негізгі аят: Римдіктерге 5:10
Біздің үйренетініміз:
 1. Жүсіптің бауырлары күнәларын мойындағанда, олардың Жүсіппен қарым-қатынасы қалпына келді. Біз Құдайдың алдында күнәларымызды мойындасақ, Онымен нағыз әрі мағыналы қарым-қатынас құра алатынымызға мәсіхшілер сенеді.
 2. Жүсіп Мысырда бауырларына қажеттінің бәрімен ағыл-тегіл мол қамтамасыз еткені сияқты мәсіхшілер де Құдайдың барлық игіліктерді бере алатынын біледі.

ТАНЫСТЫРУ

Балаларға Құдайдың Өз жоспарын Жүсіптің өмірінде қалай іске асырып жатқанын түсіндіріңіз. Оның бүкіл отбасы Қанаханнан Мысырдағы Гөшен аймағына көшіп келді. Қанахан жері Ыбырайым мен оның ұрпақтарына уәде бойынша тиесілі болғанмен, Құдай Жүсіптің отбасын Құдайдан бет бұрып кеткен қанахандықтардың зұлым ықпалынан біраз уақытқа алыстатып әкетті. Алайда Құдай уәде еткендей, Израил халқы Қанахан жеріне қайта оралатын болады.

Өткен сабақта біз Жүсіптің бауырларына күнәсін мойындату үшін шеберлікпен әрекет еткенін білдік. Енді Жүсіптің оларды кешіруіне және олардың Жүсіппен араларындағы бұзылған қарым-қатынасты қалпына келтіруге мүмкіндік туды.

АЯҚТАУ

Киелі кітаптағы әңгімені таныстырыңыз
Талқылаңыз және түсіндіріңіз:
 1. Құдай Жақыпқа елін тастап, бейтаныс алыс елге баруын бұйырып, сол жақта оған жар болатынын уәде етті. **(46:2-3)**
 2. Бүкіл отбасы барлық дүние - мүлкімен Мысырға көшіп кетті. **(46:5-7)**
 3. Жақыптың отбасы Гөшен аймағына келді. Жақып пен Жүсіп бір-бірімен жылап көрісті. **(46:29)**
 4. Жақып қайтыс болғаннан кейін ағалары: «Жүсіп бізден кек алса қайтесіз?» - деп қорықты. Бірақ Жүсіп оларды тек кешіріп қана қоймай, өздері мен балаларына да қамқор болатынын айтқанда, олар қатты таңғалды. **(50:15-21)**

Негізгі аятты түсіндіріп, балалардың оны үйреніп алуына жігер беріңіз.
4-сабақты аяқтаңыз.
Көрсетіңіз: В қосымшасындағы FBI сілтемесін қараңыз. Мысырда бірге

Киелі кітаптағы әңгімені таныстырыңыз
Талқылаңыз және түсіндіріңіз:
 1. Ағайындылар Қанахан жеріндегі әкелері Жақыпқа қайтпас бұрын Яһуда Буняминнің орнына Мысырда қалып, құл болуға дайын екенін айтады. Бұл олардың Жүсіпті құлдыққа сатып, әкелері Жақыпты ұзақ жылдар бойы қасіретке батырған кездегі мінездерінен мүлдем өзгеше еді. Енді Яһуданың жүрегінде Құдайдың рақымы оянған болатын. **(44:33)**
 2. Жүсіп өзін ағаларына ашып, Құдайдың бәрін жақсылыққа шығарғанын айтты. **(45:4-5)**
 3. Жүсіп Буняминді құшақтап, егіле жылады. Барлық ағаларының беттерінен сүйіп, құшақтап жылады. **(45:14)**
 4. Перғауын Жүсіптің бауырларына әкелері мен отбасыларын алып, Мысырға келуін және өзі оларды қамтамасыз ететінін айтты. **(45:17-19)**
 5. Ағайындылар Жақыпқа Жүсіптің тірі екенін айтып берді. Жақып өздерін Мысырға көшіретін күймеледі көргенде, ұлын қайтадан көретініне сенді. **(45:25-28)**

Негізгі аятты түсіндіріп, балалардың оны үйреніп алуына жігер беріңіз.
4-талдауды аяқтаңыз.
Көрсетіңіз: С қосымшасындағы FBI сілтемесін қараңыз. Толық кешірім беру

ҚАЙТАЛУ

Бүкіл отбасымен жаңа жерге көшер алдында Жақып қандай күйде болғанын көз алдарыңа елестетіп көріңдерші. Бұл оның Құдайға деген сенімін қалай сынады? Әкесі Жақып қайтыс болғаннан кейін де, Жүсіптің өз бауырларына көрсеткен мейірімділігін еске түсіріңдер. Ол пендешілікке салынып, кек сақтауына да болар еді, бірақ ол кешірімді жүрек беретін Құдайға арқа сүйеді.

Осы әңгімедегі Жүсіп туралы қуанышты хабар Иса туралы Ізгі хабарға қалай ұқсас екеніне назар аударыңыз:
 1. Жүсіптің тірі болғаны сияқты Иса да қазір тірі.
 2. Жүсіптің бүкіл Мысыр елінің әміршісі болғанындай, Иса- патшалардың Патшасы әрі Иелердің Иесі.
 3. Жүсіп өз отбасын қамтамасыз еткендей, Иса Құдаймен қарым-қатынас тұрғызуымызға қажеттінің бәрімен қамтамасыз етті.
 4. Жүсіп өз отбасын Мысырға көшіріп әкелгендей, Иса Өзін қабылдағандарға көктегі мәңгілік өмірді ұсынады.

ӨМІРДЕ ҚОЛДАНУ

Осы сабақ бүгінгі мәсіхшілерге қандай шақыру тастайды?
 1. Жүсіп болашағының қандай болатыны жөнінде жиі ойланды, біз де ертең не болатынын әрдайым біле бермейміз. Мәсіхшілер Құдайдың әділдік сыйлайтынына сенімді бола алады.
 2. Бүгінгі күнде де Құдай Өзінің мақсатын жүзеге асыруда үкіметтің әділетсіз әрекетіне араласа ма, жоқ па? Осы туралы талқылау.

Осы сабақ бүгінгі мәсіхшілерге қандай шақыру тастайды?
 1. Дұрыс емес шешімдер өзімізге және басқаларға қалай әсер етеді?
 2. Біз Құдайдың Жүсіпке жар болғанын оқыдық және мұны арада көп жылдар өткен соң, Жаңа Өсиетте Степан өлтірілер алдында да растап кеткен. **(Елш.іст. 7:12-15)** Бұл қазіргі кезде қандай жұбаныш береді?

3 - 4-деңгейлер	B8 3-деңгей 1-сабақ. Ізгі хабарды жазушылар Тақырып: Матай	B8 4-деңгей 1-талдау. Алдағы жол Тақырып: Мәсіхшілердің бірге болуы
	<p>Киелі кітаптың назар аударатыны: Матай 9:9-13; 27:37-42 Негізгі аят: Матай 16:16 Біздің үйренетініміз:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Иса Матайды шақырғанда, ол бірден орнынан тұрып, Оның соңынан ерді. 2. Алайда көптеген яһудилер Исаны қабылдаудан бас тартты. Соның нәтижесінде Иса айқышқа шегеленді. 	<p>Киелі кітаптың назар аударатыны: Елшілердің істері 2:41-44, 4:32-35 Негізгі аят: Елшілердің істері 2:42 Біздің үйренетініміз:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Адамдар сенімді қабылдаған кезде қауым болып бірге уақыт өткізудің, сенімде өсудің маңыздылығын түсінді. 2. Олар қолдарынан келгенше бір-біріне көмектесуге тырысып, барымен бөлісті.
ТАНЫСТЫРУ	<p>Матай яһудилердің кеден қызметкері / салық жинаушысы болғанын балаларға түсіндіріңіз. Ондай адамдарды яһудилер көбіне ұната бермейтін. Оның себебі олардың арамдығы мен халықтан тым көп салық жинауында және сол уақытта яһудилерге үстемдік жүргізген Рим империясының мүддесіне қызмет етуінде еді.</p>	<p>Петір Исаның шәкірттерінің бірі болғанын және Иса айқышқа шегеленер алдында Одан бас тартқанын балаларға түсіндіріңіз. Алайда Иса оны көшірді және енді ол басқаларға Иса туралы батылдықпен айтып жүрді. Оның қателіктері көшірілімейтіндей тым жаман болған жоқ еді және Құдай оны енді керемет жолмен қолданды.</p>
АЯҚТАУ	<p>Киелі кітаптағы әңгімені таныстырыңыз. Талқылаңыз және түсіндіріңіз:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Матай Исаның шақыруына бірден жауап берді. 2. Матай Исаның шәкірті болу үшін өзінің әділетсіз жұмысын тастады. (9:9) 3. Ол Матай жазған Ізгі хабардың авторы болды. Бұл кітап Исаның яһудилер Мәсіх деп атаған әрі ұзақ жылдар бойы аңсап күтіп жүрген Патшасы екенін көрсетеді. 4. Матайдың Исаның қайтып келетіні туралы жазған есебін қысқаша сипаттап беріңіз. Көне Әсиетте Иса туралы айтылған көптеген пайғамбарлық сөздердің Ол жер бетіне келгенде орындалғанын Матай қалайша түсіндіретініне балалардың назарын аударыңыз. (Матай 1 және 2) 5. Матай Исаның шежіресін, Оның қоғамдағы қызметін жазып қалдырған. Өз кітабын ол Исаның азапталуы, өлімі, жерленуі және қайта тірілуімен аяқтайды. Бұлар – мәсіхшінің құтқарылуының негізі. Сол себепті Матайдың кітабы Ізгі хабар деп аталады. <p>Негізгі аятты түсіндіріп, балалардың оны үйреніп алуына жігер беріңіз. 1-сабақты аяқтаңыз. Көрсетіңіз: В қосымшасындағы FBI сілтемесін қараңыз. Матай</p>	<p>Киелі кітаптағы әңгімені таныстырыңыз. Талқылаңыз және түсіндіріңіз:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Исаның шәкірттерінің бірі Петір көптеген адамдарға күнәларынан бас тартып, тірі Мәсіхке сену керектігін түсіндіріп, Ізгі хабарды жариялап жүрді. Көптеген адамдар сенімді қабылдап, Иса Мәсіхтің Құтқарушы екеніне сенді. 120 адамы бар қауымға тағы 3000 адам қосылды. Көп адамның аз уақыт ішінде мәсіхші болғанын көру қандай керемет екенін балалармен бірге ойлап көріңіз. (2:38-41) 2. Жаңадан сенімге келген мәсіхшілер қауымда бірге қызмет етіп, қауым құрыла бастады. Олар басқа мәсіхшілермен бірге жиналып, елшілердің тәлімін тыңдап, Иеміз Исаның құрбандығын еске алып, мінажат етті. Олар Құдайдың Сөзін үйренуге, мінажат етуге және сенімде өсуге көмектесетін адамдармен бірге болуы қажет болғанын балаларға түсіндіріңіз. 3. Мәсіхшілер бірге жиналып, бір-бірімен бөлісті. Бұл міндетті түрде олардың барлығымен бөлісті деген мағынаны білдірмейді. Олар мұқтаждығы бар адамдармен бөліскенін білдіреді. Олар Мәсіхте бауырластар болудың маңыздылығын түсінді. (Елш.іст. 2:42-47) <p>Негізгі аятты түсіндіріп, балалардың оны үйреніп алуына жігер беріңіз. 1-талдауды аяқтаңыз. Көрсетіңіз: С қосымшасындағы FBI сілтемесін қараңыз. Мәсіхшілердің бірге болуы</p>
ҚАЙТАЛАУ	<p>Құдай Матайды шақырып, оның мінез-құлқын Киелі кітаптағы Ізгі хабарды жазу үшін қолданғанын балалардың есіне түсіре отырып, сабақты қайталаңыз.</p>	<p>Қауым ретінде бүгінгі мәсіхшілер іс-жүзінде қалайша сенімде өсіп, нығая алады? Екі-екіден отырып, соның тізімін жасау.</p>
ӨМІРДЕ ҚОЛДАНУ	<p>Осы сабақ бүгінгі мәсіхшілерге қандай шақыру тастайды?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Матай Құдайдың шақыруына бірден жауап берді. Қазіргі кезде адамдар Құдайдың нұсқауларына қаншалықты мойынсұнады? 2. Исаның дүниеге келетіні туралы көп жылдар бұрын алдын ала айтылған болатын. Бұл Киелі кітаптағы басқа да пайғамбарлық сөздерге қатысты мәсіхшілерге қандай жігер береді? 	<p>Осы сабақ бүгінгі мәсіхшілерге қандай шақыру тастайды?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Біз мәсіхші болсақ, басқа сенушілермен қарым-қатынас жасауға, олардан үйренуге уақыт бөлеміз бе? Киелі кітапты зерттеп, мінажат ету Құдайды жақыннан тануға көмектеседі. 2. Киелі кітап мәсіхшілердің қолынан келгенше бір-біріне көмектесуге жауапты екенін үйретеді. Құдайдың отбасының мүшелері бірге жұмыс істегенде, отбасы мықты болады. 3. Көп қателік жіберген адамдар Құдайдың қызметін атқаруға өздерін лайықсыз сезінулері мүмкін. Петір Исадан танып кетсе де, Құдай оны мыңдаған адамдарға Ізгі хабарды жариялауға қолданды.

3 - 4-деңгейлер	B8 3-деңгей 2-сабақ. Ізгі хабарды жазушылар Тақырып: Марқа	B8 4-деңгей 2-талдау. Алдағы жол Тақырып: Шомылдыру рәсімі
	<p>Киелі кітаптың назар аударатыны: Елшілердің істері 12:5-12, Марқа 1:29-42 Негізгі аят: Марқа 10:45 Біздің үйренетініміз:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Марқа өзінің Ізгі хабарында Исаның мінсіз Қызметші екеніне көңіл аударады және Оның айтқан сөздерінен гөрі істеген істері туралы көбірек жазады. 2. Марқа Исаның басқаларды қызметке қалай таңдайтынын көрсетеді. 	<p>Киелі кітаптың назар аударатыны: Матай 28:16-20, Елшілердің істері 8:34-39, 18:8 Негізгі аят: Елшілердің істері 2:41 Біздің үйренетініміз:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Мәсіхшілер шомылдыру рәсімінен өтуде Мәсіхке мойынсұнудың бір дәлелі екеніне сенеді. 2. Киелі кітапта көптеген адамдар мәсіхші болып, шомылдыру рәсімінен өту арқылы өздерінің сенімдерін көрсетті. 3. Шомылдыру рәсімі дегеніміз - көпшіліктің алдында Мәсіхтің соңынан ергенінді көрсететін рәсім.
ТАНЫСТЫРУ	<p>Марқа жазған Ізгі хабарда Иса Өзіне қызмет ету үшін емес, қайта Өзі бізге қызмет етіп, көптеген адамдардың күнәлары үшін айқаш ағашта жанын қиюға көктен келгенін оқимыз. (Негізгі аятты қараңыз). Жер бетінде болған уақытында Иса Құдайдың еркіне толықтай мойынсұнып, Оның Киелі Рухының құдіреті арқылы керемет қызмет атқарды. Сондай-ақ осы кітаптың авторы Марқа қызметін жақсы бастағанын байқаймыз. Ол біраз уақыт қызметін тоқтатып, кейін қайта оралды. (2 Тимоте 4:11)</p>	<p>Балалар шомылдыру рәсіміне қатысып көрді ме? Өздері шомылдыру рәсімінен өтті ме? Бұл қалай болды? Не болды? Шомылдыру рәсімі нені білдіреді? Балалар өз ойларын бөлісуге жетелеңіз.</p>
АЯҚТАУ	<p>Киелі кітаптағы әңгімені таныстырыңыз Талқылаңыз және түсіндіріңіз:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Жақыпты өлтірткен Ирод патша Петірді тұтқындағанда, оның босатылуы үшін мәсіхшілер Иерусалимде Марқаның үйінде жиналып, сиынған болатын. (Елш.іст. 12:5-12) 2. Марқа Ізгі хабар таратып, Құдайға қызмет еткісі келді. Ол Пауылмен бірге алғашқы елшілік сапарға барды. Бірақ кейін одан бөлініп, Иерусалимге қайта оралды. (Елш.іст. 12:25, 13:13) 3. Пауыл Марқаның қызметтен кетіп қалғанын міндетіне салғырттық деп есептеп, оны екінші елшілік сапарына ертпеді. (Елш.іст. 15:37-39) Алайда Марқа ақырында қызметке қайтып келді. Ол Пауылдың сеніміне кіріп, Исаға қызметін одан әрі жалғастырды. 4. Марқаның Ізгі хабары Исаның жер бетіндегі қызметін, әсіресе, кереметтері туралы айтады. Онда Петірдің қайын енесінің сауығуы, алапестің ауруынан тазарғаны және шәкірттерінің Ғалилея теңізінің арғы бетіне жүзіп бара жатқанда, Исаның дауылды тоқтатуы баяндалған. <p>Негізгі аятты түсіндіріп, балалардың оны үйреніп алуына жігер беріңіз. 2-сабақты аяқтаңыз. Көрсетіңіз: В қосымшасындағы FBI сілтемесін қараңыз. Марқа</p>	<p>Киелі кітаптағы әңгімені таныстырыңыз Талқылаңыз және түсіндіріңіз:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Иса көкке көтерілмей тұрып, шәкірттеріне Ұлы Өсиетті тапсырды. Ол шәкірттеріне барлық халықтарға барып, оларды Оның шәкірттері етіп, Құдай Өкенің, Ұлының және Киелі Рухтың атымен шомылдыру рәсімінен өткізулерін бұйырды. Олар мұны орындаған кезде Иса оларға жар болатынын уәде етті. Иса оларға бұларды орындауға билік берді. (Матай 28:18-20) 2. Шомылдыру рәсімі мәсіхшілердің күнәға Иса Мәсіхпен бірге өліп, жаңаша өмір сүру үшін қайта тірілгенін білдіреді. Олар мәсіхші болғанда, жаңа өмірге ие болады. Олар енді ескі өмір сүру салттарын тастап, бәрін жаңадан бастайды. Шомылдыру рәсімі көпшіліктің алдында осыны дәлелдейді. (Римдік. 6:3-7) 3. Сондай-ақ шомылдыру рәсімі - Мәсіхке бағынудың, Құдайдың еркімен өмір сүруге дайын болудың әрі Құдайдың адамы екенінің белгісі. 4. Елшілердің істері 8-тараудағы әңгімеде Філіп эфиопиялық үезірге Иса Мәсіх туралы Ізгі хабарды айтып берді. Ол мәсіхші болып, бірден шомылдыру рәсімінен өтті. 5. Елшілердің істері 18:8-аятта Пауыл елші көптеген адамдарды Иса Мәсіхке деген сенімге алып келді. Олар сенімдерін мойындағаннан кейін шомылдыру рәсімінен өтті. <p>Негізгі аятты түсіндіріп, балалардың оны үйреніп алуына жігер беріңіз. 2-талдауды аяқтаңыз. Көрсетіңіз: С қосымшасындағы FBI сілтемесін қараңыз. Мәсіхшілердің шомылдыру рәсімінен өтуі</p>
ҚАЙТАЛУ	<p>Берілген сұрақтарды пайдаланып, сабақты қайталаңыз.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Марқа өзінің Ізгі хабарында Исаны қай жағынан таныстырады? 2. Марқа қандай отбасынан шыққан? 3. Марқа өмірінде не істегісі келді? 4. Марқа Пауылдың алғашқы елшілік сапарында көңілін қалдырса да, оның қызметке қайта оралғанын біз қайдан білеміз? 5. Иса жер бетінде қандай қызмет атқарды? 	<p>Ұлы Өсиетті зерттеу. (Матай 28:16-20)</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Иса осы айтқандарын қалайша өсиет ете алды? (18-аят) 2. Шәкірттерге қандай төрт нұсқау берілді? 3. Шәкірт болу дегеннің мағынасы қандай? Бұл үздіксіз процесс пе? 4. Егер шәкірттер Исаның өсиеттерін орындаса, Иса оларға қандай уәде берді?
ӨМІРДЕ ҚОЛДАНУ	<p>Осы сабақ бүгінгі мәсіхшілерге қандай шақыру тастайды?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Мәсіхшілер бүгін қандай қызмет атқара алады? 2. Мәсіхшілер өткен уақытта қызметте сәтсіздікке ұшыраса да, онысын одан әрі қалай жалғастыра алады? Олар өмірдің дауылдары мен сынақтарында Исаға қалай сенім арта алады? 	<p>Осы сабақ бүгінгі мәсіхшілерге қандай шақыру тастайды?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Шомылдыру рәсімінен өту нәліктен маңызды? 2. Исаның: «Сондықтан барлық халықтарға барыңдар! Оларды менің шәкіртім етіңдер», - деген сөзі нені білдіреді?

3 және 4-деңгейлер	B8 3-деңгей 3-сабақ. Ізгі хабарды жазушылар Тақырып: Лұқа	B8 4-деңгей 3-талдау. Алдағы жол Тақырып: Иеміздің соңғы асы
	<p>Киелі кітаптың назар аударатыны: Лұқа 1:1-4, 4:1-12 Негізгі аят: Лұқа 19:10 Біздің үйренетініміз:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Лұқа Исаны тек Құдайдың Ұлы ғана емес, сонымен қатар, мінсіз Адам болғанына ерекше назар аударады. 2. Азғырулардың барлығы Исаның киелі, күнәсіз болып, ешбір күнә жасамағанын және күнәкарлардың Құтқарушысы бола алғанын дәлелдейді. 	<p>Киелі кітаптың назар аударатыны: Лұқа 22:14-20, 1 Қорынттықтарға 11:23-31 Негізгі аят: 1 Қорынттықтарға 11:26 Біздің үйренетініміз:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Иса мәсіхшілерге Өзін ерекше жолмен еске алуды өсиет етті. 2. Иеміздің соңғы асын (Евхаристия) нан ұзу рәсімі ретінде мәсіхшілер Оны еске алу үшін жауапкершілікпен қарайды.
ТАНЫСТЫРУ	<p>Лұқа жазған Ізгі хабар мен Елшілердің істері Теофилге жазылғанымен, бұл адам туралы біз аз білеміз. Лұқа оған «қадірлі» деген сөзді қолданған. (Лұқа 1:1) Бұл оның мемлекеттік қызметкер болғанына меңзейді. Оның есімі «Құдайдың досы» дегенді білдіреді. Ол Рим империясында жауапты қызметте істеген мәсіхші болуы мүмкін. Лұқа Исаның өмірі жайлы ауызша таралған кезде бұрмалауларға жол бермеу үшін оған бәрін жазбаша түрде баяндап берді.</p>	<p>Балалардан орталарында жоқ жақындарын қалай еске алатындары туралы ойлануына уақыт беріңіз. Мысалы, фотосуреттер немесе ерекше естеліктер арқылы. Иса шәкірттеріне Өзін еске түсіретін ерекше рәсімді қалдырды.</p>
АЯҚТАУ	<p>Киелі кітаптағы әңгімені таныстырыңыз Талқылаңыз және түсіндіріңіз:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Лұқа Пауыл елшінің ең жақын досы болған жат жұрттық мәсіхші дәрігер еді. 2. Исаның туылуы туралы Лұқа: «...Құтқарушыларың дүниеге келді, Ол - Иеміз Мәсіх», - деп жазады. (Лұқа 2:11) Иса тәнде туылған Құдай болатын. 3. Лұқа Исаның адам ретінде өсіп-жетілуі мүлтіксіз болғанын жазады. (Лұқа 2:52) Оның даналығының артуы ақыл-ойының дамуын, бойының өсуі физикалық дамуын, «Құдайға ұнамдылығының артуы» рухани дамуын, ал «адамдарға ұнамдылығының артуы» әлеуметтік дамуын білдіреді. 4. Исаның сынақтан өткенін қысқаша түсіндіріп өтіңіз. (Лұқа 4:1-13) Исаның қалайша мүлтіксіз болғанын және азғырылуға жеңілмегенін түсіндіріңіз. 5. Лұқа 23-тарауда біз Исаның өлімі туралы баяндаманы оқимыз. Ол туралы Пилаттың, қылмыскерлердің біреуінің және жүзбасының айтқан сөздерін ескеріңіз. Бұлардың бәрі Оның еш күнәсіз болғанын дәлелдейді. (Лұқа 23:14, 41 және 47) Мәсіхшілер үшін Исаның күнәсіз болғаны өте маңызды. Әйтпесе Ол біздің күнәларымыз үшін құрбандық бола алмас еді. <p>Негізгі аятты түсіндіріп, балалардың оны үйреніп алуына жігер беріңіз. 3-сабақты аяқтаңыз. Көрсетіңіз: В қосымшасындағы FBI сілтемесін қараңыз. Лұқа</p>	<p>Киелі кітаптағы әңгімені таныстырыңыз. Талқылаңыз және түсіндіріңіз:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Соңғы кеште Иса шәкірттерімен бірге болды. Иса нан мен тостағанды алып, шүкірлік етті. Ол нанның олар үшін құрбандыққа берілмек денесі, ал тостағандағы шарап олар үшін төгілмек қаны екенін айтты. Содан кейін Ол Өзін естеріне түсіру үшін нанды жеп, тостағаннан ішулерін өсиет етті. (Лұқа 22:14-20) 2. Шәкірттері толық түсінбеді. Тек Иса ғана алдында не күтіп тұрғанын білді. Бірақ шәкірттері осы өсиетті ұмытпады. 3. Бұл ерекше рәсімді орындау арқылы мәсіхшілер Исаның азап шегуі мен өлімі туралы терең ойланады. (1 Қорынт. 11:23-26) 4. Құтқарылу мейрамында Мысырдағы құлдықтан шығу тойланғаны секілді нанды алып, тостағаннан ішу арқылы Мәсіх арқылы күнәдан құтқарылу тойланады. 5. Иса шәкірттеріне бұл рәсімді Өзі қайтып келгенше ғана орындайтынын өсиет етті. Бұл Исаның өмірі мен өлімін ғана еске түсіретін рәсім емес, ол сондай-ақ Исаның екінші рет қайтып келетіні туралы уәдесін еске салады. 6. Иса осы Құтқарылу мейрамының асын шәкірттерімен бірге отырып ішкісі келді. Себебі Ол адамдардың күнәсі үшін құрбан болатын осы мейрамның нағыз құрбандық Тоқтысы болмақ. Бұл шәкірттері үшін Өзінің денесін беріп, қанын төгетінін білдірді. <p>Негізгі аятты түсіндіріп, балалардың оны үйреніп алуына жігер беріңіз. 3-талдауды аяқтаңыз. Көрсетіңіз: С қосымшасындағы FBI сілтемесін қараңыз. Иеміздің соңғы асы</p>
ҚАЙТАЛУ	<p>Берілген сұрақтарды пайдаланып, сабақты қайталаңыз.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Лұқа жазған Ізгі хабардың негізгі тақырыбы қандай? 2. Лұқа қандай жұмыс істеді? 3. Ол нәліктен Теофилге жазды? 4. Иса туылған кезде «Құтқарушыларың...Ол – Иеміз Мәсіх» деп берілген есімнің қандай маңыздылығы бар? 5. Лұқа Исаның сынақтан өтуі туралы нәліктен баяндады? 6. Лұқа 23:14, 41 және 47-тарауларды оқып, осы адамдардың Иса туралы айтқан сөздерін талқылау. 	<p>1 Қорынттықтарға 11:27-31-аяттарда нан ұзу рәсімін орындамай тұрып, өзімізді тексеруіміз қажет екенін айтады. Мұның қандай мағына беретінін талқылаңыз.</p> <p>Сенушілер Жаңа Келісімде діни қызметкерлерге барып, құрбандық шалудың қажеті жоқ екеніне сенеді. Біз Исаның арқасында Құдайға енді тікелей бара аламыз.</p>
ӨМІРДЕ ҚОЛДАНУ	<p>Осы сабақ бүгінгі мәсіхшілерге қандай шақыру тастайды?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Иса сынақтан өткен кезде, бізге көрсеткен үлгісінен нені үйренеміз? 2. Адамзат мінсіз өмір сүре алмайды, бірақ олар қандай жолдармен Иса сияқты бола алады? 	<p>Осы сабақ бүгінгі мәсіхшілерге қандай шақыру тастайды?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Нан мен тостағанды алғанда, олардың нені білдіретініне терең мән берсең бе?

3 - 4-деңгейлер	B8 3-деңгей 4-сабақ. Ізгі хабарды жазушылар Тақырып: Жохан	B8 4-деңгей 4-талдау. Алдағы жол Тақырып: Мәсіхші ретінде рухани өсу
	<p>Киелі кітаптың назар аударатыны: Жохан 20:26-31 Негізгі аят: Жохан 20:31 Біздің үйренетініміз:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Жохан Исаның Құдайдың Ұлы екеніне назар аударды. 2. Иса «Менмін» деген сөзді көп қолданады және сол арқылы Өзінің Құдай екенін жариялады. Көне Өсиетте Құдай Өзі туралы «Менмін» деп айтқан болатын. (Мыс.шығ. 3:14-15) 	<p>Киелі кітаптың назар аударатыны: 1 Петір 2:1-3, 2 Петір 3:18, Елшілердің істері 17:10-12 Негізгі аят: 1 Петір 2:2 Біздің үйренетініміз:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Мәсіхші күн сайын өз сенімінде өсуге ұмтылуы керек. 2. Мәсіхші жаңадан алған білімін іс-жүзінде қолдануға тырысуы керек.
ТАНЫСТЫРУ	<p>Жохан өзінің Ізгі хабарын Исаның «Сөз» екенін түсіндіруден бастайды. Сөз — өзімізді басқаларға түсіндіру немесе білдіру үшін қолданылатын құрал. Мәсіхшілер Құдайдың Өзін осы әлемге Ұлы Иса арқылы толық көрсеткеніне сенеді. Құдайдың Ұлы Адамның Ұлы боп, пәк таза Мәриям арқылы Бетлехем қаласында 2000 жыл бұрын дүниеге келгенде, Ол Құдайдың бізді қаншалықты қатты сүйетінін көрсетті.</p>	<p>Топпен бірге әр түрлі жаратылыстың қалай өсетінін талқылау. Мысалы, жануарлар, сәбилер, өсімдіктер, т.б. Олардың өсуі үшін не қажет? Егер олар өздеріне қажетті нәрсені ала алмаса, не болады?</p>
АЯҚТАУ	<p>Киелі кітаптағы әңгімені таныстырыңыз. Талқылаңыз және түсіндіріңіз:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Жохан Исаны Сөз деп атайды. (Жохан 1:1) 2. Жохан өзі туралы «Исаның жақсы көрген шәкірті» деп айтады. (Жохан 20:2) 3. Жоханның Ізгі хабарындағы «Менмін» деген - Құдайдың атауы және Иса Құдайдың жеті түрлі қасиеттері мен ерекшеліктерін атайды. 4. Шынайы өмір сыйлайтын Нан (Жохан 6:35, 41, 48, 51). 5. Дүние үшін Нұр (Жохан 8:12, 9:5) 6. Есік (Жохан 10:7, 9) 7. Ізгі Бағушы (Жохан 10:11, 14) 8. Қайта тірілу мен шынайы өмір. (Жохан 11:25-26) Жол, шындық және шынайы өмір. (Жохан 14:6) Шынайы жүзім бұтасы. (Жохан 15:1, 5) 9. Жохан Ізгі хабарын адамдар Исаға сенсін және мәңгілік өмірге ие болсын деген ниетпен жазды. (Жохан 20:30-31) <p>Негізгі аятты түсіндіріп, балалардың оны үйреніп алуына жігер беріңіз. 4-сабақты аяқтаңыз. Көрсетіңіз: В қосымшасындағы FBI сілтемесін қараңыз. Жохан</p>	<p>Киелі кітаптағы әңгімені таныстырыңыз Талқылаңыз және түсіндіріңіз:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Мәсіхші өзінің мінез-құлқы мен іс-әрекеттері арқылы Мәсіхтің болмысын көрсетуі керек. Киелі кітапта мұны айқын дәлелдейтін көптеген аяттар бар. Балалардан соларды табуды сұраңыз. 1 Петір 2:1-аят біздің алдамшы, екіжүзді, қызғаншақ болмауымызды және жаман сөздерді қолданбауымызды айтады. Петірдің бірінші хаты сенімге енді келген мәсіхшінің жаңа туған нәрестеге ұқсас екенін айтады. Олар өсу үшін сүт ішу керек. Бұл сүт – Құдайдың Сөзі. Осы процесі ешқашан тоқтамайды және бала өскен сайын көбірек тамақты қажет етеді. Дәл сол сияқты мәсіхшінің өмірінде оның өсуіне көмектесетін рухани азыққа (Киелі кітапқа) мұқтаж болмайтын кезі ешқашан болмайды. 2 Петір 3:18-аят Исаны жақыннан тану мен рақымдылықта өсуді үйретеді. Мәсіхші Исаны қалай жақыннан танитыны туралы балалармен талқылаңыз. Пауыл мен Сыйлас Береяда Ізгі хабарды жариялағанда, адамдар қызығушылық танытып, естігендерін қуанышпен қабылдады. Елшілердің істері 17-тарауда олардың пейілдері кең екенін, Ізгі хабарды бар ынталарымен тыңдағандары және күн сайын Киелі жазбаларды зерттегені айтылған. Олар Құдай туралы көбірек білуге қандай құштар болған десеңші! <p>Негізгі аятты түсіндіріп, балалардың оны үйреніп алуына жігер беріңіз. 4-талдауды аяқтаңыз. Осы тақырыпқа байланысты қолжетімді FBI сілтемесі жоқ.</p>
ҚАЙТАЛАУ	<p>Жоғарыда берілген «Менмін» тізімін алып, олардың әрқайсысы Исаның Құдайдың Ұлы екенін қалай дәлелдейтінін талқылау. Мұны топпен жұмыс ретінде істеп, содан кейін топтың алдында айтып беруге болады.</p>	<p>Пауыл мен Сыйлас сөйлескен Берея халқы (Елш.іст. 17:10-12) елшілердің айтқан хабарын үйренуге құштар болды және оның шындығына көз жеткізу үшін күн сайын Киелі жазбаларды зерттеді. Мәсіхші уағыздаушының немесе жетекшінің айтқанының бәрі дұрыс деп қабылдаудан абай болуы керек. Олар Киелі кітаптан өздері жауап іздеуге тырысуы қажет.</p>
ӨМІРДЕ ҚОЛДАНУ	<p>Осы сабақ бүгінгі мәсіхшілерге қандай шақыру тастайды?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Құдайға сенім артқандар туралы Киелі кітап не айтады? (Жохан 1:12-13, 5:24) 2. Мәсіхші өз өміріне арналған Құдайдың еркін қалай анықтайды? Мінажат ету мен Киелі кітапты үнемі оқудың маңыздылығын талқылау. 	<p>Осы сабақ бүгінгі мәсіхшілерге қандай шақыру тастайды?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Мәсіхшінің тек Құдайдың Сөзін зерттеп, Киелі Рухтың жетелеуімен ғана рухани өсетінін Киелі кітап үйретеді. Бізді Берея халқымен қалай салыстыруға болады? Бізге тәлім беріп жүрген адамдарды бар ынтамызбен тыңдаймыз ба? Біз Киелі жазбалардан күнделікті жауап іздеп, зерттейміз бе? Біз Киелі кітаптың Құдайдың Сөзі екеніне қалай сенімді бола алатынымыз жөнінде талқылау.

А қосымшасы 0 және 1-деңгейлер Киелі кітаптан тегін суреттер

	Тақырып	Өңгіменің суреттері	
B7	Жүсіп	Жүсіптің бауырларының Мысырға келуі https://www.freebibleimages.org/illustrations/preschool-joseph-brothers/	
		Бунямин және суық хабар https://www.freebibleimages.org/illustrations/preschool-joseph-reunion/	
		Кешірім және қуанышты хабар https://www.freebibleimages.org/illustrations/preschool-joseph-reunion/	
		Мысырда бірге https://www.freebibleimages.org/illustrations/preschool-joseph-reunion/	
B8	Иса кездестірген адамдар	Иса кездестірген адамдар. Ауру әйел https://www.freebibleimages.org/illustrations/gnpi-024-peter-mother-in-law/	
		Иса кездестірген адамдар. Алапес адам https://www.freebibleimages.org/illustrations/gnpi-025-jesus-leper/	
		Иса кездестірген адамдар. Мүгедек адам https://www.freebibleimages.org/illustrations/yo-jesus-lame-man/	
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/btbm-lame-man/	
		Иса кездестірген адамдар. Матай https://www.freebibleimages.org/illustrations/gnpi-027-matthew/	
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/jesus-zacchaeus-preschool/	

А қосымшасы 2-деңгей Киелі кітаптан тегін суреттер

	Тақырып	Өңгіменің суреттері	
B7	Жүсіп	Жүсіптің бауырларының Мысырға келуі https://www.freebibleimages.org/illustrations/joseph-brothers-1/	
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/yo-joseph-brothers/	
		Бунямин және суық хабар https://www.freebibleimages.org/illustrations/yo-joseph-reunion/	
		Кешірім және қуанышты хабар https://www.freebibleimages.org/illustrations/yo-joseph-reunion/	
		Мысырда бірге https://www.freebibleimages.org/illustrations/joseph-reunion/	
		https://www.freebibleimages.org/photos/joseph-jacob/	
B8	Иса кездестірген адамдар	Иса кездестірген адамдар. Ауру әйел https://www.freebibleimages.org/illustrations/gnpi-024-peter-mother-in-law/	
		Иса кездестірген адамдар. Алапес адам https://www.freebibleimages.org/illustrations/gnpi-025-jesus-leper/	
		Иса кездестірген адамдар. Мүгедек адам https://www.freebibleimages.org/illustrations/yo-jesus-lame-man/	
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/gnpi-026-jesus-paralytic/	
		Иса кездестірген адамдар. Матай https://www.freebibleimages.org/illustrations/gnpi-027-matthew/	
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/jesus-matthew/	

В қосымшасы 3-деңгей Киелі кітаптан тегін суреттер

	Тақырып	Әңгіменің суреттері
B7	Жүсіп	Мысырдағы тыңшылар
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/joseph-ruler/
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/joseph-brothers-1/
		Бунямин және суық хабар
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/joseph-brothers-1/
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/joseph-reunion/
		Кешірім және қуанышты хабар
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/joseph-reunion/
B8	Ізгі хабарды жазушылар	Матай
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/gnpi-027-matthew/
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/gnpi-096-jesus-crucifixion/
		Марқа
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/peter-prison/
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/jesus-capernaum/
		Лұқа
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/jesus-tempted/
		Жохан
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/gnpi-104-appearance-thomas/

С қосымшасы 4-деңгей Киелі кітаптан тегін суреттер

	Тақырып	Әңгіменің суреттері
B7	Жүсіп	Жасөспірім кезіндегі сынақ
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/joseph-prison/
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/joseph-prison-dreams/
		Оның сарайдағы қызметке дейін көтерілуі
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/joseph-pharaoh-dreams/
		Оның қамқор әрекеті
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/joseph-ruler/
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/joseph-brothers-1/
B8	Алдағы жол	Толық кешірім беру
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/joseph-reunion/
		https://www.freebibleimages.org/photos/joseph-jacob/
		Мәсіхшілердің бірге болуы
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/pentecost/
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/peter-john-arrested/
		Шомылдыру рәсімі
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/gnpi-106-great-commission/
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/gnpi-013-jesus-baptism/
		Иеміздің соңғы асы
https://www.freebibleimages.org/illustrations/last-supper-jesus/		
		Алдағы жол
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/paul-last-days/
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/redemption-story/



© Bible Educational Services 2025

www.besweb.com